



ПРЕЗИДЕНТ



ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының Германия экономикасы Шығыс комитетінің мүшелерімен кездесуіне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия елдері мен Германияның экономикалық ынтымақтастығының негізгі мәселелеріне тоқталды. Біздің аймақ – Еуразия кеңістігін байланыстырушы бірегей стратегиялық орталық. Негізгі сауда-экономикалық дәліздер елдеріміздің аумағы арқылы өтеді. Қазақстанда мол пайдалы қазбалар қоры бар. Мұның бәрі Германиямен және жалпы Еуропа Одағымен сауда-инвестиция саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға кең жол ашады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Германиямен арадағы аймақтық сауда-экономикалық байланыстарда Қазақстанның маңызды рөл атқаратынын атап өтіп, өзара қарым-қатынасты нығайту және оны жаңа деңгейге шығару жөнінде бірқатар ұсыныс айтты. Біз маңызды шикізат тауарлары саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүдделіміз. Бүгінде сирек кездесетін металдарға әлемдік сұраныс ұсыныстан едәуір көп. Мемлекеттердің болашақтағы технологиялық дамуы осы үрдісті күшейте түседі. Қазақстан

2-бет

ЖАҢА НЫСАН

«АНАҒА ТАҒЗЫМ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Сыр елінде сүйіншілейтін жаңалық көбеюде. Кеше шежірелі аймақтың 85 жылдығы аясында сәні мен сәулеті келіскен тағы бір ғимарат халық игілігіне берілді. Аймақтағы барлық аналар мен қыз-келіншектерге арналған «Анаға тағзым» орталығының ашылу салтанатына облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, еңбек ардагерлері қатысты. Жаңа нысан жанынан ашылған, ұлт тарихындағы ұлы аналарға арналған ескерткішке гүл шоғы қойылып, құрмет көрсетілді.



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

Сб Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

2-бет

ЖАҢА ӨМІРДІҢ ЖАРҚЫН БАСПАЛДАҒЫ




Суретті түсірген Н.Нұржақып

Бұған дейін отбасылық өмірдегі алғашқы құжатын мейрамханалар мен табиғат аясында рәсімдеген жас жұбайлар енді бұл маңызды іс-шараны сәні мен салтанаты жарасқан «Неке сарайында» өткізеді. Аймақтың 85 жылдық мерейтойы мен Қала күні аясында есігін айқара ашқан жаңа ғимарат жас жұбайлар маңызды қадам жасайтын айтулы орынға айналды анық.

Сб Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»

2-бет



85 ЖІЛ
85 ЖЫЛДА
OBLYSYNA

ҚАРМАҚШЫ: ҚОРҚЫТ ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Уақыт керуені қанша жылжыса да, адамзат топырақтың тектілігіне төк тұрады. «Көпті көрген көрі дала» дегендей, ықылым заманнан ырысы ыдырамаған бұл мекен бүгін елді құшағына алып жатыр. Биыл облыстың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында аудандарды кезекпен аралауды жалғастырып келеміз. Сондай сапардың кезегі Қорқыттың елі – Қармақшы.

Құрылғанына ғасырға жуық уақыт өткен аудан қазір жаңа бастамалардың жаршысына айналды. Халқының әлеуметтік жағдайы түзеліп, экономикалық ахуалы дамыды. Қазынасы мол жердің молшылығын тереңнен терсек деген ниеттен туған жазбалар түйдек-түйдек тағлымды таратты.

Сб Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

Ғасырнама куәсі

Тарихынан бері тіршілігі тынбай қайнап жатқан Сырдың төменгі алқабындағы аудан жайлы айта қалсаңыз, талай кітапты толтырар дерек бар. Әйтсе де мәндісі мен бастысын тілге тиек етейік. Аудан аумағы толығымен Тұран ойпатының бір бөлігін алып жатыр. Қарақұмның төбелі келген Жіңішкекүм алабы, орталық тұсында Нұра алқабы мен Жосалы даласы, оңтүстігіндегі Қызылқұмның төбелері, солтүстігіндегі Тарғыл тауы, барлығы – түртіп кетсең сайрап тұрған тарих.

4, 5-беттер



ЕГІН – 2023

ЕГІН ОРАҒЫ БЕЛ ОРТАСЫНАН АУДЫ

Бүгінде егіс алқаптарында қарбалас тіршілік. Диқандар күршіт ысырапсыз жинап алу жолында еңбек көрігін қыздыруда. Қазір егін суы толық байланды.

Биыл облыста 89 мың гектар күрші егілді. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер басқармасының 28 қыркүйектегі мәліметіне сүйенсек, 53,3 мың гектары (59,8%-ы) орылып, оның 43,3 мың гектары (81,2%-ы) бастырылды. Камбаға 222 мың тонна күрші жиналды. Орта өнім гектарына – 51,3 центнерден. Егін жинауды 10 қазанға дейін аяқтау көзделіп отыр.

Ал ерте егілген дақылдарды жинау жұмыстары толық аяқталды. Атап айтқанда, 4,3 мың гектар күздік бидайдан

7 мың тонна өнім жиналды. Орта өнім гектарына 16,2 центнерден келіп отыр. Оған қоса 4,4 мың гектар жаздық бидайдан 3,2 мың тонна (орта өнім гектарына 7,2 центнер), 365 гектар жаздық арпадан 209 тонна (орта өнім гектарына 6 центнер) өнім камбаға құйылды. Сондай-ақ, егілген 4,2 мың гектар мақсары, 64 гектар соя толық жиналды. Ал құнбағсы жинау жалғасуда.

«СБ» ақпарат

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Өздеріңіздің рухани серіктеріңіз – «Сыр бойы» газетіне жазылу құны көп жылдан бері өзгерген жоқ. Әйтсе де нарықтық жағдай басылымға жазылу құнын қайта қарау қажеттігін туындатып отыр. Басты себеп – кейінгі екі жылда газет шығаруға жұмсалатын қағаз, бояу, пластина бағасының екі-бес есе аралығында қымбаттауы. Енді санаулы уақытта алдағы жартыжылдыққа баспасөзге жазылу науқаны басталатынын ескере отырып, жазылым бағасын жеке тұлғалар үшін 3500 теңгеден 4000 теңгеге, ал мекемелер үшін 4500 теңгеден 5000 теңгеге көтеру қарастырылды. Бұл өзгеріске оқырмандар түсініктік танытады деп сенеміз.

«Сыр бойы» газетінің редакциясы





ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

– Өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастығымыз да мүлде жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Linde компаниясының қарбамид өндірісіне арналған газды толық өңдеу жобасын жүзеге асыру бұл іске тың серпін береді. Инвестицияның жалпы көлемі 1,4 миллиард теңгеге бағаланып отыр, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, көмірсутегі шикізатын жеткізу, жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін күшейту, көлік-транзит және қаржы салаларындағы кооперация өзара қарым-қатынастың басқа да басым бағыттарының қатарына кіреді.

Президент кездесуге қатысушылардың назарын орнықты даму және жасыл экономика салаларында бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығына аударды.

– Қазақстан аймақтық климат мәселесін ілгерілетуге жан-жақты атсалысуға дайын. Біз неміс серіктестерімізді 2026 жылы БҰҰ аясында Қазақстанда өтетін Аймақтық климаттық саммитке қатысуға шақырамыз. Біз 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөнінде міндеттеме алдық. Алайда ол үшін бізге экономиканы айтарлықтай жаңғыртып, «жасыл» технологияға 600 миллиард доллардан астам инвестиция тарту қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзінің соңында аталған кездесудің қорытындысы Орталық Азия елдері мен Германия арасындағы экономикалық ынтымақтастықтың көкжиегін кеңейтетініне сенім білдірді.

Жиында аймақ мемлекеттері басшыларымен қатар, Германия экономикасы Шығыс комитетінің басқарма төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзер, сондай-ақ Linde, Knaut, Aurubis, German Seed Alliance GmbH, Ernst Klett AG және басқа да неміс компанияларының топ-менеджерлері баяндама жасады.

1-бет

ЕРТЕН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

АҒА БУЫН – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ АЙБЫНЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қарттар күніне орай мерекелік іс-шараға қатысып, абыз ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелерді құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында: «Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады. Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс» деген болатын. Саналы ғұмырында адал қызмет атқарып, ел мүддесін бәрінен биік қойған алдыңғы буын аға-апаларымыздың жүріп өткен жолы, қалтқысыз еңбегі бізге үлгі. Сіздер аразамызда ақылшы, кеңесші болып, Тәуелсіз елімізді дамытудағы іргелі істерді бірлесе атқаратынымызға сеніміміз мол. Бүкіл елдің сөзін сөйлеп, намысын қорғап, дау-дамайын шешіп, арғы-бергі тарихтан әңгіме қозғап, тұла бойына ұлттық рух, ізгі қасиеттерді молынан сіңірген абыз атана беріңіздер, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік кеште ел азаматтары Жақай Бодықбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов, Қызылорда облысының құрметті азаматы Алмағұл Божанова сөз сөйлеп, замандастарына бақ-береке тіледі. Мұнан бөлек, аудан ардагерлері өкілдерінің атынан Арал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әділбек Әйімбетов, Қызылорда облысының құрметті азаматы Самұрат Имандосов, Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, ақын, Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданының құрметті азаматы Махмұтбай Әміреев, Шиелі ауданының құрметті азаматы Сұлтанбек Оразымбетов ізгі тілектерін арнады.

Салтанатты іс-шара мерекелік дастархан мен көңілді концерттік бағдарламаға ұласты.

Бүгінде аймағымызда 82 мыңнан астам зейнеткер бар. Оларды әлеуметтік қолдау әрдайым басты назарда, 2 мыңнан астам егде жастағы адам арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған. Жыл сайын ардагерлерді қолдауға облыстық бюджеттен мемлекеттік әлеуметтік тапсырғасы аясында қаржы бөлініп келеді. Жеңістің 78 жылдығына 2 400 Ұлы Отан соғысы және тыл ардагеріне 352 млн теңге бір реттік әлеуметтік көмек көрсетілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«АНАҒА ТАҒЫМ» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Игі шарада аймақ басшысы жұртшылықты орталықтың ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Ұлы жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген қанатты қағидасы бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Кезінде Социалистік Еңбек ері атанған 12 ақ жаулықты анамыз шыққан біздің киелі өңірде қажырлы еңбегімен ел ықыласына бөлініп жүрген олардың ізбасарлары да жетерлік. Алдағы уақытта осы ғимаратта өткенге құрмет көрсетіліп, ұлттық

құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз насихатталады, – деді облыс әкімі.

Ғимарат белгілі мененат, кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынған. Құрылысқа 1,7 млрд теңге қаражат жұмсалды. «Туған жерді бірге түлетейік!» бастамасына үн қосып, ел игілігі үшін өз қаражатына құрылыс жүргізген кәсіпкер ғимарат жанына «Анаға тағым» ескерткішін және тұрғындар демалатын аллея салып, сыйға тартып отыр.

Іс-шарада аймақ басшысы орталық құрылысына бас демеуші болған М.Дүйсенбаевқа, кешен

құрылысын жауапкершілікпен, сапалы жүргізген «Шыңғыс» құрылыс мекемесінің басшысы С.Қарамұрзаевқа облыстың ең жоғары награда – «Құрмет грамотасын» табыстады. Сондай-ақ бірқатар мердігер мекеме қызметкерлері «Алғыс хатпен» марапатталды.

Мұнан соң еңбек ардагерлері Дайрабай Ысқақов, Алма Бақтиярова, Әзия Қыстаубаева сөз алып, жерлестерін жаңа орталықтың ашылуымен құттықтады. Шара барысында Марат Дүйсенбаев жаңа ғимараттың кілтін орталық басшысы Алтынай Молжановаға салтанатты

түрде табыс етті. Сонымен қатар, Т.Жүргенов атындағы қор төрағасы Сәпен Аңсат бата берді.

– Облыстың 85 жылдығы қарсаңында ашылып отырған жаңа орталықтың ұлт тәрбиесінде еңбегі зор аналарымыздың ісін дәріптеуде үлесі мол болады деп сенемін. Аналарға, аруларға құрмет білдіріп, жаңа ғимаратты сыйлаған азаматтарға алғысым шексіз. Бүгінгі шараны сонау Шегім ана, Гүлбаршын ана, одан берірек Сәлима Жұмабекова, Балдырған Мұстапаева, Шырынқұл Қазанбаева, Ұлбала Алтайбаева, Жадыра Таспамбетова және басқа да елге өнегесімен танылған, отбасы мен жұмысты қатар алып жүрген әйел-аналарға деген зор құрмет деп білемін. Қазір облыс орталығымен қатар, аудан, ауылдарымыз да көркеюде. Жаңа ғимараттар салынып, халықтың тұрмыс-тіршілігіне оң ықпалын тигізіп келеді. Лайым, осындай жақсылыққа толы жаңалықтарымыз көп болсын, – деді еңбек ардагері, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы Әзия Қыстаубаева.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт – креативті индустрияны жан-жақты дамытуды жүктеді. Президент тапсырмасына сәйкес осында «Әйелдердің креативті индустрия орталығы» жұмысын бастайды. Қолынан іс келетін, жанаша ұлттық брендтерді ойлап тауып, экспорт дамуына үлес қосатын жерлестерімізді бір жерге шоғырландырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына да жағдай жасалмақ. Мұнда «Мирас» әжелер клубы, «Ұлт жақұты» музей залы, «Бойтұмар» қыздар клубы, «Сырғалым» сырласу клубы, «Жас отау» жас отбасылар мектебі және «Ана тілі» дебат клубы да құрылған.

ЖАҢА ӨМІРДІҢ ЖАРҚЫН БАСПАЛДАҒЫ

Жүректері алып ұшқан жастар, ақ көйлек киген қалыңдық, болашақ жарын күткен азамат «Неке сарайының» сәнін аша түсті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қызыл-ордалықтарды жаңа нысанның ашылуымен құттықтап, мереке күндері қаламызға көрік берген өсем ғимараттар, көз тартар көркем аллеялар тарту етілгенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халқымыз қай заманда да отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген» деген болатын. Бұл орталықты іске қосудың әлеуметтік маңызы өте зор. Жыл сайын Сыр өңірінде мерейлі отбасылар саны артып келеді. Биыл «Отбасы күні» қарсаңында Астана төрінде оныншы рет өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсында жерлесіміз, ғасыр жасаған қазалық майдангер, қазыналы қарт Қабақ Смағұловтың әулеті лауреат атанды. Сыр жеріндегі отбасы құндылықтарын берік ұстаған өнегелі әулеттер – біздің мақтанышымыз. «Неке сарайы» ғимаратын аша отырып, бұл дәстүрді одан әрі дәріптейтін боламыз. Орталықта қалыптасқан қағидаға сәйкес қазакы қарашынақ идеясы дәріптеліп, рухани кемелденген жаңа буын қалыптастыруға жағдай жасалады, – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы «Неке сарайы» ғимаратын сапалы салып, мерзімінде тапсырған «Авангард» ЖШС басшысы Рәсул Исақовқа Қызылорда облысының Құрмет грамотасын, компания қызметкерлеріне алғыс табыстады. Мұнан бөлек, Бейбарыс сұлтан көшесі бойындағы аллеяны салған «Техоснастка» мекемесі мен облыс көлемінде ауқымды жол құрылысын айналысты «УАД» компаниясының басшылары мен қызметкерлері де марапат төрін көрді.

Салтанатты рәсімде отбасылық өмірге жаңа қадам басқан жас жұбайлар лебізін білдіріп,

1-бет



еңбек ардагері Жарылқасын Шәріпов жерлестерін құттықтады. Ал «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының лауреаты, ғасыр жасаған абыз ақсақал Қабақ Смағұлов ақ батасын берді.

Расында, бұрынғы жана өмірге қадам басып, отау құратын жастардың жауапты әрі бақытты кезеңінде неке кию құжатын табыстайтын арнайы салтанатты орынның жолы ашылды. Аймақтың бас шаһарында неке киюды жоспарлаған жандар азаматтық хал актілерін тіркеу мекемесіне жүгінетін. Осындай жағдайлар ескеріле келе облыс басшысының бастамасымен салтанат өтетін ғимарат салу туралы шешім көпті қуантқан еді. Енді жаңа нысан пайдалануға берілді.

Жаңа нысанда неке кию рәсімделіп ғана

қоймай, жастардың жұбайлық өмірге бейімделуіне, денсаулығын сақтауына, жұмыспен қамтылуына, тұрғын үйге кезекке тұруына, ұлттық салт-дәстүрді сіңіруіне жәрдемдеседі. Мұнда Жастар денсаулығы, «Анаға тағым» орталықтары, «Отбасы банкі», «Бақытты отбасы» жұмыспен қамту орталығы келушілерге қызмет көрсетеді.

Айта кетейік, бүгінде облыста 141 мыңнан астам отбасы болса, оның 48 мыңнан астамы – көпбалалы аналар, 17 мыңға жуығы – «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері.

Жаңадан ашылған «Неке сарайы» аймақ жастарының отбасылық өмір бастауындағы берекелі, мерекелі ғимаратына айналсын деп тілейміз!

ҚАЛАДАҒЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысандарды аралап, құрылыс алаңдарына барды.

Алдымен аймақ басшысы «Қорқыт ата» әуежайы терминалының құрылыс барысымен танысты.

Жерлесіміз, мененат «Болат Өте-муратовтың қоры» өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуда. Қазіргі әуежай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаяды. Құны 25 миллион долларды, аяны 7500 шаршы метрді құрайтын терминалда телескопиялық трап екі қабатты болады. Жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтітер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету үшін өзін-

өзі тіркеу бағандары орнатылады, жүктерді беру және өңдеу автоматтандырылады. Терминал құрылысы 2024 жылы аяқталмақ. Ал әкімдік 5 млрд теңгеге нысанның аумағын абаттандырып, қажетті инфрақұрылымды, аяп айтқанда, су, жылу, көріз, жарық, байланыс желілерін тартуда.

Әрі қарай аймақ басшысы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолы бойындағы жол айрығы құрылысымен танысты. Жоба бойынша жол айрығына 2 эстакада салу қарастырылған. Эстакадалардың жалпы ұзындығы 450 метр, қозғалыс жолағының ені 7, тротуардың ені 1,5 метрді құрайды.

Нұрлыбек Машбекұлы Бейбарыс сұлтан көшесіндегі Неке сарайына барды. Жалпы аумағы 2 мың шаршы метрден астам зәулім ғимараттың құрылысы былтыр қыркүйекте басталған еді. Негізгі қызметі жас жұбайлардың некесін салтанатты түрде қиюға, отбасы қалыптастыруға, ұлт-

тық тәрбиені дәріптеуге және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталмақ.

Облыс әкімі Қызылорда қаласында тамыз айында ашылған темір-бетон бұйымдарын өндіру зауытының жұмысын көрді. Заманауи құрылыстармен жабдықталған зауытта құрылысқа қажет бетон бұйымның барлық түрі жасалады. Тұрғын үй құрылысы комбинатында сағатына 80 текше метр тауарлы бетон, тәулігіне 120 текше метр темір-бетон бұйымдары шығарылады. Өндіріс орнында 150 адам екі ауысыммен тұрақты жұмыс істейді.

Аймақ басшысы «Анаға тағым» орталығына да аялдады. Орталықта жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жаңғыртуға мүмкіндік берілмеқ. Жаңа нысанда қыз-келіншектерге арналған арнайы бөлмелер, тұрмысқа және қонақ күтуге баулу, жан-жақты психологиялық көмек беру кабинеттері болады.

Мұнан бөлек, шығармашыл жандарға арналған әдебиет және поэзия, дизайн студиясы мен би орталығы және жас отбасыларға қызмет көрсету бөлмелері жарқаталған.

Айта кетейік, қала тұрғындары серуендеп, тынығу үшін М.Ысханов атындағы политикалық колледж аумағындағы саябақ кеңейтіліп, «Анаға тағым» орталығынан бастау алатын жаңа аллея колледж аумағына дейін жалғасады.

Аймақ басшысы Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің жанына салынған қосымша ғимаратқа барды. Бала саны жыл өткен сайын артқандықтан, биыл облыс орталығындағы бірнеше білім ошағының қасына қосымша құрылыс салу барынша тиімді шешім ретінде танылып, бюджет қаржысы үнемделді. Қосымша ғимарат салу жаңа мектепке қарағанда арзанға түсті. Ең маңыздысы балалар өздері үйренген, үйіне жақын мектебіне қатынап оқуда.

№101 мектеп-лицей алаңында

салынған 375 орындық ғимарат бастауыш сыныптарға арналған. Онда оқу кабинеттері, шығармашылық бөлмелер талапқа сай жасқалған. Оқушыларға ыңғайлы болу үшін оқу құралдарын сақтауға, балалардың шығармашылық дамуы мен демалуына барлық жағдай қарастырылған. Бейнебақылау, дыбыстық жабдықтау және басқа да қауіпсіздік жабдықтары орнатылған. Биылғы жаңа оқу жылында облыс орталығындағы 4 мектептің (№2, 3, 101, 264) 1850 балаға арналған қосымша ғимараттары оқушыларды қабылдады.

Әрі қарай Нұрлыбек Нәлібаев Абай даңғылы бойындағы көпқабатты тұрғын үйлер ауласын абаттандыру жұмыстарымен танысты. Мұнда 4 автотұрақ, 8 демалыс орны, 4 ойын, спорт және футбол алаңдары салынған. Бұл жұмыстардың барлығы демеушілердің қолдауымен жүзеге асырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БІРЫҢҒАЙ ЕСЕП БЕРУ – ИГІ БАСТАМА

Осыдан екі жыл бұрын Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бақылау-қадағалау органдарының бизнес-қауымдастық алдындағы бірыңғай есеп беру күнін өткізу қағидалары бекітілген болатын. Президент қоғамның барлық саласында ашықтық пен жариялықты қамтамасыз ету, адал бәсекелестікті қалыптастыру, салық заңнамасын жетілдіру және кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру сынды маңызды жұмыстарды жүзеге асыруға тапсырған еді.

Сб Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Озық елдердің тәжірибесімен бизнес қауымдастық пен ресми билік ашық диалогқа түсіп, қордаланған мәселелерді бірлесіп шешудің жолын тауып отыр. Бақылау-қадағалау органдарының бизнес өкілдері алдында бірыңғай есеп беруі – сондай игілікті бастаманың бірі.

Осыған орай, облыс әкімдігінде бақылау-қадағалау органдары бизнес өкілдері алдында есеп берді. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов және құқық қорғау органдарының басшылары, мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын органдар, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен бизнес өкілдері қатысты. Сонымен қатар, ZOOM бейнебайланысы арқылы қала және аудан әкімдіктері, кәсіпкерлер қосылды.

Кездесуде кәсіпкерлердің құқығын қорғау бағытында атқарылған жұмыстар жайында өңірлік кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмухаммед Сыздық есеп берді.

Жалпы мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары жүзеге асыратын тексерулерді тіркеудің негізгі көрсеткіштері туралы өткен жартыжылдыққа талдау жасайтын болсақ, құқықтық статистика органдарында кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 326 тексеру тіркелген. Бұл өткен жылдың үкәс кезеңімен салыстырғанда 49%-ға төмен. Құзырлы мемлекеттік органдардың жүргізген тексерулері бойынша есептері, қадағалау және бақылау қызметтері туралы мәлімет бірде-бір жергілікті атқарушы және орталық органдардың сайттарында орналастырмаған. Мәлімет болғанын өзінде, талдаусыз, тек құрғақ статистикамен шектелген.

Кәсіпкерлік субъектілерінің қызметінде жиі кездесетін заң бұзушылықтар туралы ақпарат, оларға қатысты талдаулар жоқтың қасы. Кәсіпкерлерді талдау ақпараттарымен қамтамасыз ету бизнес тарапынан алдағы уақытта орын алуы мүмкін заң бұзушылықтардың алдын алуға себеп болар еді. Облыстық кәсіпкерлер палатасы жыл сайынғы өткізілетін бірыңғай есеп беру күнінде бұған қатысты өз ұсыныстарын жеткізіп келеді. Алайда, жағдай өзгеріссіз, ұсыныстар ескерусіз қалып отыр, – деді П.Сыздық.

Мұнан соң облыстық бақылау жөніндегі басқарманың басшысы Ғанижан Қалиев, Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Жанмұрат Балбабаев, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова және облыс бойынша экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Нұрбек Садықов есеп берді.

Бұл кездесу кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бизнес-қауымдастықпен кері байланысын қалыптастыруға көмектеседі. Кейінгі жылдары бизнесті қолдау мақсатында көптеген бастамалар іске асырылды. Заннамалық деңгейде реттеушілік және бақылау-қадағалау тетіктерін жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданды.

Басқосуда бизнес өкілдері мемлекеттік орган басшыларына ұсыныс-пікірлерін айтып, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс атқаратынын жеткізді. Кездесу сұрақ-жауапқа ұласып, кәсіпкерлер толғандырып жүрген мәселелерін ортаға салды.

Өңір өнімі

КЕРЕКТІНІҢ БІРІ – КӘРІЗ ҚҰДЫҒЫ

Сырдария ауданының орталығы Тереңөзек кентінде тұратын Перизат Бисенова былдан бастап өнім шығаруды қолға алған. Мемлекеттік бағдарлама арқылы қайтарымсыз грант ұтқан ол көріз суын төгуге арналған құдық дайындады.

– Біз бұған дейін халыққа монша қызметін көрсетумен айналыстық. Сондай-ақ жолдасым да арнайы техника – ассинизатор және манипулятор көлігімен тұрғындар суранысын өтеп жүр. Ал өзім былтыр «Бастау бизнес» жобасы бойынша курс бітіріп, сертификат алғанмын. Быыл мамыр айында «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлік дамытудың ұлттық жобасы» аясында конкурсқа қатысып, 1 млн 380 мың теңге көлемінде қайтарымсыз грант ұттым. Ойымда көріз суын төгетін бетон құдықтар дайындау бар еді. Кәсіп осылай басталды. Сол мақсатпен жұмыс жүргіздік, – дейді Перизат.

Өрине, ұтқан қаржы мұндай ауқымды бизнесті бастауға аздық етері анық. Бірақ Перизат мойымай, қолдағы барды ұқсатып, өнімдерін өткізіп келеді.

– Иә, ұтқан грант қаржысына керекті дүниелер алдым. Цемент илейтін құрылғы, арба, құрек, тағы басқа қажеттіліктер алынды. Сондай-ақ шеберлерге қолдан құдық құюға арналған қалып істеттік. Негізінен тапсырыс беретіндер – аудан орталығының тұрғындары. Елді мекендерден де сұраныс бар. Әлгінде айтқанымадай, бізде жүк көтергіш манипулятор бар. Сол арқылы

тапсырыс берушінің үйіне дейін өнімді жеткізіп береміз. Қазір заман дамыған ғой. Instagram әлеуметтік желісі арқылы жарнама жасап, сол арқылы танысқан тұрғындар да тапсырыс беріп келеді, – дейді кәсіпкер келіншек.

Кәсібінен бөлек, бес ұл-қыздың оқуы мен тәрбиесіне жиі назар аударатын Перизат алдағы уақытта өз бизнесін үлкейткісі келеді. Қолдау болса, алдағы уақытта аудан аумағынан үлкен жер алып, шағын зауыт ашуды, сол арқылы пексоблок және газоблок өндірісін бастауды жоспарлап отыр.

Кәсіп ашып көкжиегінді кеңейту мүмкін еместей көрінетін рас. Сондай-ақ қаржы жағы қалай болар екен деп дүдәмал күйге түсетінімізді де жоққа шығара алмаймыз. Рас, кәсіпкерлікпен тек ауқаттылар ғана айналысатындай көрінеді. Бірақ сырдариялық Перизаттың бүгінгі отбасылық кәсібі көпшілікке жақсы мысал бола алады. Ұл-қызын адал еңбекке баулып, отбасылық бизнесті дөңгеленткен кәсіпкер аның қиындығы көп болса да тұрмысқа керекті дүние ұсынғанына біз де қуандық.

Е.БЕКМЫРЗАҰЛЫ.
Сырдария ауданы



Суретті түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

ЖОЛ САПАСЫ: кемшілік кімнен?

Кейде байқасаңыз, жаңа салынған жол немесе тротуар үстінен дөңгеле ойылған шұңқырлар пайда болады. Соны көргенде «ау, мұнысы несі, тым жақсы салынған жолдың өптер-төптерін шығарғаны» деп қарадай ашуға булыққанбыз.

Түсінбестік қой мұның бәрі. Мұның төркіні тым әріде. Біздегі тендер деген бәсеке арқылы жол салуды ұтқан компания болады емес пе? Құрылысты бітірген сол мердігердің жұмысын тексеретіндер бар. Өлгі сіз бен біз көрген жолды тесетіндерді айтамын. Асфальт жолдың керек жерінен дөңгелеге ойып алып, зертханаға әкеліп жүрген осы мамандар.

Сб Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Бұл – «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» деп аталатын құзырлы мекеме. Біздің облыста филиалы бар. Орталық төрт жыл бұрынғы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауынан соң жұмысын бастады. Елдегі жолдардың сын көтермейтінін, сапасыз һәм жүрдім-бардым салынатынын қатаң ескерткен Мемлекет басшысының сөзінен соң жауапты сала етек-жеңің енді жинай бастағандай.

Басынан айтсақ, 2019 жылдың наурызында Үкімет қаулысы шықты. Соның негізінде республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылды. Атауын жоғарыда айттық. «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» РМК. Негізгі міндеті – республика аумағында салынып немесе жөнделіп, жаңартудан өткен автожолдардың сапасын сараптау. Жол қалай салынды, қалыңдығы, ұзындығы мен ені құжат бойынша сәйкес пе, асфальт құрамы, битум сапасы, бәрін-бәрін арнайы зертханада анықтап, қорытындысын бере қояды.

Кемшілік өтемі – 205 млн теңге

Шынымен әр жолдың салынуы әртүрлі. Кейбір жолдың ені 4 метр, қалыңдығы 3 сантиметр болады. Кейбірінің қалыңдығы 5 сантиметр деп көрсетіліп, ені 6 метр болуы да мүмкін. Мұның барлығы сол жоба-сметалық құжаттың қалай дайындалғанына байланысты.

Сметалық құжатқа сүйене отырып, жол зертханашылары әлдеқандай кемшілік тапса, тапсырыс берушіге де, мердігер компанияға да хат жібереді. Ол кемшілікті жөндеу мердігерге уақыт беріледі екен. Ал тендерден жеңімпаз болған жол салушы мекеме өзі салған құрылыстың сапасына кепілдікті өздері береді. Мысалы, «біз салған жол екі жылға жарамды» дегендей. Егер осы мерзім аралығында жолда ақау пайда болса, онда мердігер кеткен қателікті жөндеуге міндетті.

– Алыс елді мекенге жол салынды дейік. Оның маңында асфальт зауыты жоқ. Қала орталығынан тасиды. Бұл «салқын асфальт» деп аталады. Салқын асфальт төселіп болған соң арнайы зертхана қызметкерлері екі аптадан кейін, ең жоқ дегенде бір айдан соң барып тексері алады. Салқын асфальтты қыста төсеуге мүлде болмайды. Қыста ауа райы 5, ал көктемде 10 градустан жоғары болғанда ғана рұқсат етіледі. Ал ыстық асфальт аты айтып тұрғандай, жолға ыстықтай төселеді. Бір тәуліктен кейін барып сапасы тексеріледі. Екінші айта кететін жайт, жол салушы мекеме зертханалық орталықпен келісім-шартқа отырған соң ғана сапасын анықтауға рұқсат беріледі, – дейді «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» Қызылорда филиалының жол инженері Ғалымжан Төрмұратов.

Айтпақшы, орталық мамандарынан естігенімдей, филиал ғимараты биыл күрделі жөндеуден өтіпті. Мемлекет қолдауымен заманауи авто-

маттандырылған зертхана қайта жасакталған. 200-ден астам жол сапасын анықтауға қажетті зертханалық сынаққа арналған құрал-жабдықтар алынған. Соның ішінде 50 құрылғы осы жылы берілді. Бұл – мамандардың жұмыс өнімділігін арттыруға үлкен көмек.

Иә, осы орталық құрылғалы жол салушы компаниялар жұмыс сапасын ақсатпауға тырысады. Дегенмен көп кемшілік анықталып жүр. Мысалы, филиал мамандары жыл басынан бүгінге дейін 2190 шаршы метр астыңғы кабатынан, 11681 шаршы метр жол жабындысынан және 2259 тонна инертті материалдардан ақау тапқан. Кеткен кемшіліктің барлық сомасы 205 млн 473 мың теңгеден асады. Жалпы осы күнге дейін облыста жолға қатысты 150 нысан тексеріліпті. Бұл жерде зертханашылар 1373 сынама алған, 460 сынама нормативке сәйкес емес. Нәтижесінде жолға төселген материалдар ішінен 150 кемшілік шыққан. Тапсырыс берушілерге кемшіліктер көрсетіліп, 32,5 млн теңгеге қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліпті. Жыл соңына дейін әлі қанша ақау шығатыны беймәлім. Бұл асфальт құрамы немесе басқа да жұмыстардың сапасыз істелгенін көрсетіп тұр.

Екінші мәселе, өз жұмысына немқұрайлы қараған техникалық қадағалаушыларға да шара көрілуде. Филиал тарапынан былтыр облыс бойынша бақылау жөніндегі басқармасына 10 жол нысаны туралы ұсыныс жолданып, нәтижесінде бір техникалық қадағалаушыға 180 айлық есептік көрсеткіш (551 мың 340 теңге) айыппұл салынып, 6 айға лицензиясын тоқтатқан. Биыл да кемшілік жоқ емес. Айыппұл арқалаған техникалық қадағалаушы мамандар бар.

Тексеру демекші, тақырып басымда айтылғандай, орталық қызметкерлері жаңа салынған жолды тексеріп біткісімен, сынама алынған жерді (сапасын тексеру кезінде жол немесе тротуар үстінен дөңгеле ойып алынған шұңқырларды айтып отырмыз) қайта қалпына келтіру мердігер мекеменің қузыретіне жатады. Өйткені, жолдың талапқа сай салынуы үшін сапасын тексеріп отырған солар. Тапсырыс беруші (ауылдық әкімдік, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі немесе осы салаға қатысты облыстық басқарма) қабылдап аламын дегенше, жолдағы кемшілік дереу қалпына келуі тиіс.

Техникасы болмаса да...

Кейде жол сапасына сын айтушылардың көбісі Еуропа елдерімен салыстырады. Рас, бізде асфальтты күрекпен төсеп жүргенде, олар цифрлық технологияны өндіріске енгізді. Мамандардың айтуынша, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жол салмақ түгілі, халық тұрмысын түзеуде көп қиындық болды. Сондықтан жол саласын шет мемлекеттермен салыстыру қисынсыз. Біз халықаралық стан-

дартқа енді бет бұрып келеміз.

Екіншіден, жол құрылысымен кім көрінген айналысып кетті. Не техникасы, не маманы жоқ мердігер мекемелер арзан баға көрсетіп, жол салуға тендер ұтып алуға әуес. Әрі қарай бөлінген қаржының бір үлесін жырып, қосымша техникасы бар компанияны жалдайды. Әр тараптан жұмаланған ақшаның берекесі болмайтыны белгілі. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы өткір сын айтты. Жол салу сапасындағы жемқорлықты атап өтіп, Үкіметке кейінгі он жылда жіберілген оқпалықты мұқият тексеруді тапсырған еді.

Иә, мемлекеттік тапсырыс заңдылығын қайта қарап, жол салушы жеке компанияларға талапты күшейту керек. Сонда ғана осы салада тәжірибесі мол, білікті мамандары бар, заманауи техникасы жеткілікті компаниялар қалыптасалы.

Тағы бір қарын ашатын дүние бар. Бізде мердігерлер асфальтты қара күзде не қыс айында төсеп жатады. Олай болмайтынын біле тұра солай істейді. Бір жағынан бұл мердігердің жауапсыздығы, екіншіден, тендерді кеш жариялап, құрылысты қара күзге беріп созып жүретін тапсырыс берушілердің жүйесіз тірлігі.

Сондай-ақ сарапшылар жол құрылыс материалдарына тұрақты баға қою керектігін айтады. Қазір баға мың құбылып тұр. Әсіресе, маусым кезінде асфальт бағасы көтеріліп, битум тапшылығы пайда болады. Жанармай бағасы да осындай. Шалғайдағы ауыл жолын салатын мердігер мұндайда біраз шығындалып қалатыны анық. Алыс ауылдарға асфальт тасудың өзі қып-қызыл шығын. Осындай қолдан жасалған қымбатшылық кесірінен мердігерлер жол салудан бас тартып жатады. Өйткені, шығыны тендерден бөлінген қаржыдан асып кетеді.

Білікті маман аз

Бұған дейін айтқанбыз. Тілшілік тіршілікте жол мәселесін жиі қозғай жүріп байқағанымыз, бұл салада маман тапшы. Техникасы да онша келісіп тұрған жоқ. Шыны керек, жыл сайын республикада шамамен 10 мың шақырым жергілікті жол жаңғыртудан өтеді. Бірақ сапаға көңіл тола ма? Түрлі баспа, телеарна мен әлеуметтік желіде жол сапасына деген сынның көбі рас.

– Жол құрылысында білікті маман тапшылығы өзекті мәселеге айналып отыр. Тәуелсіздік алған жылдардан бері жол мамандарын даярлауға аса қатты көңіл бөлінген жоқ. Ессіне, заңгерлер мен қаржыгерлерді шектен тыс оқытып, қазір екінің бірі осы мамандықтың иесі. Сондай-ақ, жол салғанда техникалық қадағалаушы талаптарын күшейтіп, үнемі құрылыс басында болуына ықпал жасау қажет. Себебі, көп жағдайда осындай мамандар болмауынан тапсырыс берушілер бюджет есебінен техникалық қадағалаушы жалдайды. Ал олар жол салына бастағанда не аяқталғанда бір-біріне қана төбе көрсетіп кетіп жүр, – дейді «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» облыстық филиалының зертхана меңгерушісі Мағжан Қасымхан.

Расымен жол саласының мамандары жастардың техникалық мамандықтарға қызығушылығын ояту қажет деп есептейді. Бүгінде білікті жолшылардың жалақысы мұнайшылардан кем түспесе керек. Тек оның насихаты аздау болып тұр.

– Жолшы атанып, осы мамандықты жақсы игерген жас мамандар қазір қат. Мәселені шешу үшін жастарды жол саласында еңбек етуге шақыру мақсатында орталық тарапынан «2000 мектеп» жобасы қолға алынды. Содан бері елі-

міздің әр өңіріндегі филиал мамандары білім ордаларында оқушылармен кездесіп, жол саласы бойынша кәсіби бағдар беруде. Жыл басынан бері жергілікті филиал мамандары Арал, Қазалы, Жалағаш, Сырдария аудандарындағы барлығы 54 мектептің оқушыларымен «ZOOM» платформасы арқылы онлайн жүздесті. Сонымен қатар, сәуір-маусым айларында қаладағы 5 оқу орнының студенттеріне ашық есік күнін өткізіп, өндіріс барысымен таныстырды. Мұндағы мақсат – біздің мамандыққа деген олардың қызығушылығын ояту. Мойындау керек, жалғыз зертханаға ғана емес, жол салушылардың өзі түрлі техникалық маманға зәру, – дейді Мағжан Қасымхан.

Бір жақсысы, мұндай насихаттың нәтижесі де көңіл қуантарлықтай. Кейінгі уақытта осы салаға қызығушы жастардың саны артқан. Облыс орталығындағы И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық колледжіде былтыр алғаш рет «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану» мамандығы ашылған еді. Өткен жылы 23 студент қабылдана, биыл бұл мамандықты игеру үшін 24 студент оқу орнына түскен.

Маңызды мәселені мықты кадр шешеді. Ресми дерекке сүйенсек, республика бойынша бұған 10 мыңнан астам маман жетіспейді екен. Ал қазіргі жол саласында жүргендер көбі маман емес екенін ашық айтуымыз керек. Төселіп жатқан асфальт не басқа да материалдың жағдайы жіті зерттелмеген соң сапасы оңды бола ма?! Кеше салған жолдың бүгін тозатынына тағы бір себеп – осы. Ал жалпы жоғарыда айтып өткен жұмыстардан соң жол құрылысы саласына қызыққан жігіттердің қатары көбейіп келеді. Бәлкім, нағыз қат мамандыққа сұраныстың жоғары болатынын олар да түсінген болар.

Биылғы меже – 87,5 пайыз

Жалпы республика бойынша 96 мың шақырым автожолдың ішінде біздің Қызылордада тиістісі 3420 шақырымға жуық. Оның ішінде республикалық – 1014,5, облыстық – 555 және аудандық маңыздағы жол ұзындығы – 1849 шақырым. Мұнда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны мен «Қызылорда-Жезқазған» жолы республикалық статуска ие. Ал былтыр облыстағы жолдың индикаторлық көрсеткіші 82 пайыз, биылғы көрсеткіш қорытындысы жыл соңында белгілі болады. Қазір жол құрылысы қарқынды жүруде.

Биыл жол инфрақұрылымына қатысты республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 36 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Бұл – былтырға қарағанда екі есе көп сома. Бұған ұзындығы 569 шақырым автожол, көшелер және көпірлер жөндеуде. Егер қаржы толық итеріліп, өңірдегі биыл бітуі тиіс жол құрылыстары уақытында аяқталса, облыс пен аудандық маңыздағы жолдардың индикаторлық көрсеткіші 87,5 пайыз болмақ. Жыл соңына дейінгі меже осы.

Иә, биылғы жобалардың қатарында үш жыл бұрын басталған, құны 5,6 млрд теңге болатын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автобанындағы көлік айрығының құрылысы бар. Жақсыда құрылысы аяқталмақ. Сондай-ақ Қазалы ауданындағы Сырдария өзенінің арғы бетіндегі 8 ауылды орталықпен байланыстыратын «Карлан» көпірін салу жұмыстары жалғасуда. Облыс орталығы мен аудандық қарасты ауыл жолдарын, ішкі көшелерін жөндеуге бөлінген қаражат та жоғарыда айтқан миллиардтардың ішінде. Айтпақшы, талай жыл жыр болған «Қызылорда-Жезқазған» жолының құны 106 млрд теңгеден асады. Қазір құрылысы басталған жолды аяқтауға 3 жыл уақыт беріліпті.

Сөз соңында. Ел дамуындағы басты міндеттердің бірі – жол инфрақұрылымын дамыту. Республикалық дәрежедегі ғана емес, ауыл-аймақтағы автожолдардың өзі тактайдай тегіс, сапалы салынуы қажет. Өйткені, жылдан-жылға жол құрылысына бақылау күшейіп келеді.

«Мен 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма бердім. Үкімет бұл мәселені тікелей бақылауға алысын. Жол құрылысындағы заңсыздықтарды анықтау қажет. Бұл жұмыстан нақты нәтиже шығару керек. Бізде әлі күнге дейін битум тапшы. Бұл – ірі көлемде мұнай өндіретін ел үшін, тіпті, ұят жағдай. Үкімет осы мәселені түбегейлі шешуге тиіс». Президент дәл осылай деді.

Бір сөзбен айтқанда, жол инфрақұрылымы – өте маңызды әрі күрделі сала. Кез келген мемлекеттің даму деңгейі де жол сапасымен бағаланады. Ал биыл жолға бөлінген қаржы мол. Тек қарымтасы қалай боларын алдағы уақыт көрсетеді.

ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ



Аудан тұрғындарының қолын газға жеткізу мәселесі де басты назарда. Газдандырылған елді мекендер санын арттыру мақсатында «Төретам» кентіне 73,2 пайыз және «Ақай» ауылдық округіне 91,2 пайыз газ тарту жұмыстары атқарылды. Қазір Қармақшыда тек жосалылық жұрт қана газ тұтынып отыр. Сонымен қатар Дүр Оңғар ауылына дейінгі және ауылшылық, Жосалы кенті «Тәуелсіздік» ықшам ауданының үйлеріне газ желілерін жеткізу келесі жылы іске аспақ. Аудан халқына қуаныш сыйлайтын бастамалардың бірі – орталық аурухана ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Тұрмағамбет, «Ақжар», Дүр Оңғар ауылында дәрігерлік амбулаторияның іргетасы қаланды.

Бұқаралық спорт ілгері басты

Биыл Қармақшы ауданының негізі қаланғанына 95 жыл толып отыр. Осыған орай «95 жылға – 95 шара» атауымен ауқымды жұмыстарды ұйымдастыру жоспарлануда. Мерейтой аясында ауданда ақындар айтысы мен жыраулар фестивалі, ұлттық спортты насихаттау мақсатында түрлі сайыстар өткізілетін болады.

ауылдарында денешынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысын жүргізу үшін қаржы бөлініп, оларды салу басталды. Мұнан өзге, аудандық бюджет қаражаты есебінен «Жосалы», «Иіркөл», «Ақжар», «Ақай» ауылдық округтерінде балалар және спорт алаңдарының құрылыстарын орналастыру үшін 56 млн теңге, Тұрмағамбет, Алдашбай ахун ауылдарындағы спорт алаңдарын жөндеу жұмыстарына 13,1 млн теңге қаржы қаралған. «Жосалы» кентіндегі денешынықтыру және сауықтыру кешенінің бу қазандығын табиғи газға ауыстыру жұмыстарына 56,5 млн теңге бөлінді.

Еткен еңбек, төккен тер нәтижесіз емес, қармақшылық спортшылар да байрақты бәсекелерде аудан намысын абыроймен қорғап, жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Быыл аудан тумасы Ерасыл Сәулебеков Албанияның Дуррес қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы ауыр атлетикадан Әлем чемпионатында екі дүркін Әлем чемпионы атанып, Сыр елінің абыройын асқақтатты.

Сондай-ақ, қазақ күресінен жасөспірімдер арасында өткен әлемдік додада Айбек Серікбаев, ересектер ара-

ұйымдастырумен Халықаралық балалар арасындағы «Мұтам» өнер байқауында Қазақстан атынан қатысқан К.Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінің жас шәкірті Мәди Елдес жүлделі ІІІ орынды иеленген.

Алғаш рет мемлекеттік тапсырыс шеңберінде «Жастар бастамаларын қолдау» әлеуметтік жобасы іске асты. Жоба аясында 14 жастың әлеуметтік бастамасы қаржылай қолдау тауып, әрқайсысына 150 мың теңге көлемінде шағын грант табысталған. Грант иесі атанған белсенді жастар қажетті құрал-жабдықтарын алып, жобаларын бастап кетті. Атап айтсақ, қазір 11 теннис, 2 домбыра үйірмесі және бір жылжымалы кинотеатр аудан жастарына тегін қызмет көрсетуде.

Сонымен қатар, жастар саясатын жандандыру, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді, мазмұнды ұйымдастыру, олардың шығармашылығын қолдау, салауатты өмір салтын насихаттау,



отансүйгіштікке тәрбиелеу бағытында қоғамдық іс-шараларды, мәдени және спортты дамыту үшін аула клубы жұмысы тұрақты атқарылууда. Аула клубы жұмысы аудандық жастар ресурстық орталығының базасында ұйымдастырылып, оған жастардың тұрғылықты жері бойынша сұранысы мен қызығушылығын ескере отырып, үйірме жұмыстары жүргізіледі. Клубты ұйымдастыруға қажетті құрал-жабдықтар да алынған.

Білім саласы бойынша да біршама даму байқалады. Қазір 30 мектеп қармақшылық оқушыларды білім нәрімен сусындатып отыр. Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы бойынша 655 мектеп бітірушінің 581-і тест тапсырған. Жалпы түлектердің ішінде 40 оқушы «Алтын белгі», 68 оқушы «Үздік аттестат» иеленді. Сондай-ақ аудан аумағында 42 мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар, оның ішінде 24-і мемлекеттік, 17-сі жекеменшік балабақша мен 1 шағын орталық. Оларда барлығы 176 топ бар, 3676 бала тәрбиеленуде.

Өмірінің көп бөлігін ұстаздыққа арнаған аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлжауһар Төлегенқызы:

– Ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араластым. Әйелдер – елдің тірегі. Қазір қоғамдық жұмысқа араласып жүрмін. Талай кезең көз алдымыздан өтті, тіршілігіне біте қайнастық. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекет үшін әйелдердің еңбегі көп болды. Дорбасын аркалап, сауда жасады. Соның біразы қазір кәсіпкер атанып, аудан дамуына атсалысып жүр. Халық игілікті сезіп үлгерді, мектептер мен аурухана салынып, әлеуметтік нысандар бой көтерді. Мәдениет саласында жетістігіміз көп. Сыр сұлейі атанған жырауларымызды бәрі біледі. Кәсіп ашсын деп жастарға мүмкіндік берілді. Қызмет көрсету саласы ілгері басты. «Көгілдір отын» мен ауызсудан, жолдан мәселе жоқ. Осыдан соң «өзгеден кембіз» деуге болмайды, – дейді.

Кәсіптің кілтін тапқан жұрт

Ауданның экономикалық даму көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін фактор – шағын кәсіпкерлік. Қармақшыда бұл саланың дамуы басты назарда. Биыл жалпы есепке көз салсақ, ауданда 4445 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Оның ішінде нақты жұмыс істеп тұрғаны – 4111, яғни 92,5 пайызы. Былтыр осы саладағы жобаларға мемлекеттік бағдарламалар арқылы 4 млрд теңге (3,4 млрд несие, 621,3 млн теңге грант) көтерді. Ал жыл басынан бері 184 жоба 735,8 млн теңгеге қаржыландырылды.

Көпшілікке таныс әрі насихаты жан-жақты болған «Ауыл аманаты» бағдарламасына ниет білдіруші көп. Қазір Қармақшыдағы барлық елді мекендерден несиеге өтініш беріп, кәсіп бастауға ұмтылғандардан 182 жоба іріктелген. Құны 1,2 млрд теңгені құрайды, бұдан бөлек, ауданда 10 ауыл шаруашылығы кооперативін ашып, 280 млн теңгеге қаржыландыру жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін жалғасып, жалпы несие портфелі 2 млрд теңге болатын жобалар әзірленбек.

Аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, аудан экономикасын әртараптандыруда шікізаттық емес секторды дамыту, ішкі нарықты отандық тауарлармен толтырумен қатар импорт алмастыру мәселесі де күн тәртібінде. Жақын арада Индустрияландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан ірі жобаның бірі – Ақтөбе ауылындағы «Қармақшы құс» ЖШС құс фабрикасы іске қосыламақ. Сондай-ақ аудан орталығындағы «АНК-Дәулет» ЖШС арқылы газоблоктер өндіретін зауыт ашу және «Төретам» кентіндегі «МИР-2001» серіктестігінің бетон бұйымдарын шығаратын шағын зауытын кеңейту жобасы басталып кеткен.

Аудандағы сауда саласын дамыту және тұрғындарға қолайлы жағдай жасау үшін Жосалы кентіндегі ескі базар орнына жергілікті кәсіпкер Нағима Тоқсанбаеваның бастамасымен заманауи үлгідегі сауда орталығын салу жоспарланған еді. Жоба құны 150 млн теңге. Қазір жүзеге асыру үшін Өңірлік инвестиция орталығы арқылы 50 млн теңге несие берілді.

Ғарышқа ашылған қақпа-қала

Қармақшы жайын сөз еткенде аты әлемге белгілі Байқоңыр қаласын елемей өтуге болмас. «Жер кіндігі – Байқоңыр» деп текке айтылмаған ғарыш айлағы адамзат баласы үшін өткен ғасырдың теңдессіз жетістігі саналады. Қасиетті Қармақшы аумағында орналасқан ғарышкерлер қаласының іргетасы 1955 жылы қаланған. Кеңес Одағы құрамындағы 15 республиканың арасынан Қазақстанға таңдау түсуі де тегін емес еді. Ғалымдар зымыран ұшырудың қауіпсіздігін, айлақтан елді мекендердің қашық болуын, ұшырылған ракетаның қайта орлан кездегі қону аймақтарының ыңғайлығын ескеріпті. Сондай-ақ, тоғыз жолдың торабы мен автомобиль жолдары да ғарыш алаңының көмекші және қызмет көрсету нысандарына қолайлы жағдай туғызды.

Оның үстіне әлемдегі ең ірі жер беті ғылыми ғарыш полигоны

саналады. Басты және көмекші объектілерінің жалпы ауданы 6717 шаршы шақырымды құрайды. Айлақтан тұңғыш зымыран 1957 жылы ұшырылды. Сәтті қадам болды. Дүниенің төрт бұрышын дүр сілкіндірген бірегей оқиға әлем назарын өзіне аударғаны есте. Сөйтіп, алғаш рет Жердің жасаңды серігі кеңістікке шығарылды.

1961 жылдың 12 сәуірі адамзат тарихына елеулі оқиға ретінде түртілді. Бұл күні тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен орбитаға аттанды. Бертін келе де ғарыш кеңістігін бағындыруда бірқатар тың бастамалардың көш-басшысына айналды. Атап айтсақ, «Байқоңырдан» байланыс мақсатында пайдаланылатын және метеорологиялық бақылаулар жүргізуге арналған «Молния», «Экран», «Горизонт», «Радуга», «Метеор» және «Восток», «Союз», «Союз», «Прогресс» секілді ғарыш кемелері, Күннің, Айдың, Шолпан жұлдызының алғашқы жасанды серіктері және «Салют», «Мир» орбиталық стансалары кеңістікке көтерілді.

Міне, осылайша алаңды салу барысында Байқоңыр қаласы өмірге келді. Оған ресейлік техникалық инженер Г.Шубников жетекшілік етті. «Қала әкесі» атанған Шубниковтің атында осы күні көше және ескерткіш бар. Ғарыш айлағын салуға қазақстандықтар да араласты. Олардың қатарынан сала қызметкерлері Қ.Тоқмұхамедов, Б.Межіғұлов, Т.Уәшов, К.Әбілғазин, М.Құлымгереев, К.Нұрмағамбетов сияқты тұлғалар бар.

Қазақ елінің тәуелсіздік жылдарында жеткен табыстарының ішіндегі ең бір сүйелісі – 1991 жылдың 2 қазанында тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің «Союз Т-13» ғарыш кемесімен «Байқоңырдан» ғарышқа көтерілуімен тығыз байланысты. Ел тарихына алтын әріптермен жазылған айтулы күні қазақ жұртшылығының қуанышында шек болмады. Мұнан соң бұл бақытты ғарышкер Талғат Мұсабаев Ресеймен бірлескен жобада 3 мәрте, яғни, 1994, 1998, 2001 жылдары қайталап, ғарыш ғаламын игеруде қазақ баласының ешкімнен кем түспейтінін дәлелдеді. Үшінші қазақ ғарышкері Айдын Айымбетов кеменің бортижері ретінде ресейлік ғарышкер Геннадий Падалка және даниялық астронавт Андреас Могенсонмен бірге 2015 жылдың 2-12 қыркүйегі аралығында «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесімен көкке самғады. Тәуелсіздігіміздің Тәңірі берген сыйындай болған ғарыш кеңістігіне қазақтың үш бірдей азаматының самғауы – халқымыздың басына қонған бағы болса керек. Үш ғарышкер де «Халық қаһарманы» жоғары дәрежелі атағын алғаны ел жадында әлі күнге сақтаулы.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы 1991 жылы Қазақстанның иелігіне өтті. 1993 жылдан Ресей Федерациясына жалға берілді.

Байқоңыр қаласының болашағы зор. Қажетті инфрақұрылым дамып, тұрғын үй, әлеуметтік нысандар құрылысы салынууда. Сондай-ақ, газдандыру жұмыстары да жүргізілді. Әлбетте, барлық бастама бойынша бүгінде жұмыс қарқынды. Бірнеше әлеуметтік нысан қазақстандық стандартқа көшіріліп, «көгілдір отынға» қосылып, көңілі жылып отырған ағайын Байқоңырда баршылық.

Адам баласының ғарышты игере бастағанына 60 жылдан асты. «Байқоңыр» кешені осы уақыт ішінде Қазақстанды әлемге танытып, мемлекетіміздің ғылым мен білім жолындағы беделі мен абыройын асырды. Жер бетіндегі барша адамзат үшін де, еліміз үшін де «Байқоңырдың» алар орны ерекше. Ең бірінші Жер серігі ұшырылғаннан бері қарай адам баласы ғарыш әлемінің тылсым сырғына қанығып, ішке бүккен талай құпиясын ашты.

Сапардан түйін: Облыстың 85 жылдық мерейтойы тұсында Қармақшының қайнаған өмірін сөз еттік. Ауылдарын көріп, ауасын жұтып, тіршілігіне қанықтық. Аудан орталығының шаһарға айналып бара жатқанына көз жеткіздік. Қорқыттай түркіге ортақ абыздың сарынын, Тұрмағамбеттегі жүздеген жыраудың дастанын жел жырлағанды күйді сезіндік. Осындай киесі көтерген текті топырақта табыстың ырзығын танып-білдік.



Мерейлі мереке қарсаңында бірқатар әлеуметтік нысандардың ашылуы жоспарланып, жыл көлемінде тағылымы мен тәрбиелік маңызы зор, рухани, мәдени, спорттық бағыттағы әртүрлі жиындар, жарыстар, басқа да іс-шаралар өткізілімек. Бұл тұста аудандың жеткен жетістігін айтпай кетуге болмас.

Аудан – спорт саласында озықтардың бірі. Мәселен, бұқаралық спортпен шұғылданушылар 38 пайызға жеткен. Бүгінде бұл көрсеткішті арттыру үшін «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен Жосалы кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы аяқталды. Сонымен қатар, «Ақай» ауылында осындай кешен құрылысы жүргізілуде. Республикалық бюджеттің бірінші нақтылауында Дүр Оңғар және «ІІІ Интернационал»

сында Ғалымжан Әбдірахманов өз салмақ дәрежелері бойынша чемпион атанса, «Қазақстан барысы» республикалық жарысында тамаша өнер көрсеткен Еламан Ерғалиев пен Мақсат Исакабылов жеңімпаз атанып, ел мерейін тасытты. Сондай-ақ, Мақсат Азия біріншілігінде де топ жарып, Еламан Еуропа төрінде өткен байрақты бәсекеде жүлде тақты.

Мәдениет пен білім қатар көркейді

Қармақшы – жүз жырауы жыр жүзіктеген өнер өлкесі. Ауданның мәдениет пен спорттағы жетістігі, жастар бастамалары жетерлік. Биылғы жаңалықтың бірі – Әзербайжанның Баку қаласында «Қайнат» жастар орталығының



ЕРТЕҢ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Қарттар күні қарсаңында облыста бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Сәкен Мырзабек айтып берді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы Қарарымен «1 қазан – Халықаралық қарттар күні» болып жарияланып, елімізде оны жыл сайын атап өту дәстүрге айналды. Айта кетейік, биыл бұл атаулы күн облыстың 85 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр.

– Айтуды датаны атап өту жұма күні таңертең басталды. Шараға Қызылорда қаласы мен аудандардан ардагерлер келіп қатысты. Облыс орталығы көркейіп, қала сәулетіне ерекше сән беретін нысандар бой көтеріп, маңызды жобалар жүзеге асуда. Ардагерлерге қаланың көрікті

жерлерін аралаттық. Атап айтқанда, абаттандырылған темір-жол вокзалы, «Қорқыт ата» әуежайы, сол жағалаудағы тұрғын үйлерді көрді.

Сонымен қатар, «Неке сарайы» мен «Анаға тағзым» орталығының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты. Мұнан соң «Қарттарым – асыл қазынам» салтанатты шарасы өтті. Оған аймақ басшысы қатысып, ардагерлерге құрмет көрсетті, – деді ол.

Бұған қоса, аталған басқармаға қарасты №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында «Қариялы ел – қазыналы ел» атты

мерекелік шара ұйымдастырылды. Онда облыс әкімінің орынбасары М.Шермағанбет қызмет алушыларды құттықтады. Орталық ауласына тігілген киіз үйлерде облыстың 85 жылдығына арналған көрме ұйымдастырылды. Қарттар сый-сыяпат жасалып, соны мерекелік концертке ұласты.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, облыста 2 мыңнан аса егде жастағы адам арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтылған. Қызылорда қаласында Қарттар үйі жанындағы 100 орындық және зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығының 50 орындық күндізгі бөлімшесі, Талсуат елді мекеніндегі 150 орындық мүгедектерге арналған оңалту орталығында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілуде. Барлық

мекеме ғимараттары заман талабына сай жабдықталып, олардың материалдық базасы нығайтылған.

Еске сала кетсек, биыл Жеңістің 78 жылдығына соғыс және тыл ардагерлеріне әлеуметтік көмек көрсетілген. Оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушыларына 1 млн 500 мың теңгеден біржолғы әлеуметтік көмек төленді.

Атап өту керек, Қарттар күні аясында облыста әрбір мекеме, кәсіпорындар өз ардагерлеріне құрмет көрсетсе, аудандар да мерекелік шаралар өткізуде. Бұған қоса, қайырымдылық көмек көрсетілуде.

Брифингте облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев игі істерді көзбен көрген ардагерлер атынан алғысын жеткізді.

«СБ» ақпарат



ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАЙҚАЛТҚАН

Қарт. Жып-жылы сөз, иә. «Атасының баласы» деген кезде төбеміз көкке бір елі жетпей, «аузымынан түсіп қалған балам» деген сөзге имандай сеніп, ал еркелеткен кезде ет жүрегіміз езіліп кете жаздаушы еді. Бала күнімізде, уақыт мүжіген мұңлы кейпіне қарамай, бөлінің сыздағанына мән бермей, атаның арқасына мініп алып, торы сәйгүліктің үстінде отырғандай сезінуші едік өзімізді. Атамыз біздің ең басты қорғаушымыз, нақтырақ айтсақ, әулеттегі «қрышамыз» еді ғой.

Айдар САЙЛАУОВ,
«Сыр бойы»

Жер қарайып, көктем келе бау-бақшаның күтімін жасап, шуаққа толы шарбақтың ішін гүл-гүл жайнапты қоятын-ды. Шыбықтай отырғызған бір түп ағашы бүтін бір отбасыға азық беретін жеміс сыйлайтын. Бүгінде жасыл желектің бәрі дерлік қурап, ізі де қалмаған. Ауылдың абыз ақсақалы атанған қайран қарт та дүниеден озған. Қураған қара тал ғана құм аралас уақыт желіне қасқайып қарсы тұр.

Атамды сағынып жүргенде Қызылорда қаласында баққан баласынан, сүйген немересінен жырақ тұратын, тұрған жеріне тал егіп, бау-бақша өсіргенді жаны қалайтын қарттың бар екенін естідім. Қазыналы қарияларын құрметтеген қызылордалықтар ақсақалдар мен ақ жаулықты асыл әжелерге мейіріммен қараудан тайған емес. Біздің ел Қарттар күні ғана емес, жыл бойы үлкендерге жақсылық жасауға ұмтылып бағады.

Бұқара «Қарттар үйі» атап кеткен, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында 163 қария тұрады екен. Соның бірі – Жарылқаған Есбергенов. Оның бұл мекемеге келгеніне он жылдан астам уақыт болған. Сол аралықта жападан-жалғыз жүріп, Қарттар үйінің жан-жағын жап-жасыл етіп, 300-ге жуық ағаш еккен екен. Мекеме ауласының жасыл желегіне тамсанып жүргенде бағбанмен тілдесудің сәті түсті. Ақсақалмен емен-жарқын өңгіме-дүкен құрдық.

Қазақ «Қарттар – үйдің қазынасы» деп, үлкенді құрметтеген. Ертеректе жасы қырықтан асқан адам қарттыққа бет бұрып, немере бағып, елге үлгі боларлық іс атқаруға тырысқан. «Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деп жасы кішілер оларға құрмет көрсеткен. «Төрінен қарт кетпесін» деп, той-томалақты оларсыз бастамаған, бата алуға тырысқан. Бұл үрдіс қазақ арасында әлі де болғанмен, сиреп барады. Иә, жаһандандың салқыны тиіп жатқаны шындық. Ата-әженің тәрбиесін алған балаға халықтың ықыласы ерекше. Ата-әже мектебінен өткен ұрпақ зерек те ерек болып, бүкіл елдің мақтанына айналатын. Қазақ әжесінің керемет образын қалыптастырған бірегей тұлға Абайдай дананы тәрбиелеген Зере еді ғой. Қазақ үйдің төрін үлкендер үшін сайлап, үлкен кетсе, бақ-дәулет, ырыс кетеді деп санаған. Ауыл қариялары көп оқымаса да, өздерінің үлкен кісілерден көргенін, табиғаттан үйренгенін, қазақи ұғымынан түйгенін дәріптеген. Біз тілдескен Жарылқаған ақсақал да күш-қажыры өн бойында тулап тұрған заманда күрші егуден айналысып, өмір тағылымын санасына сіңіре білген. Ала танған қара кешке дейін еңбектің ізінде жүріп, дүниеге келген перзентін, сүйіп қосылып жан-жарын қамтамасыз етіп отырыпты.

– Мен 2013 жылы 9 қаңтар күні осы мекемеге келдім. Сол жылдың көктемінен бастап құбыр қазып, мекеме айналасын көгалдандыру жұмысын бастадым. Бұл жер – менің үйім. Үйінің айналасына ағаш отырғызып, тал егу әр адамның міндеті деп ойлаймын. Бұл маңға қаратал, терек, жиде, шие, өрік көшеттерін сатып алып ек-

кен болатынмын. Шүкір, қазір жайқалып, жайнап тұр. Тек бір мәселе ғана бар. Ол – суландыру жүйесі. Демеушілер тарапынан осы мәселені қолға алсақ, әлде де жақсы нәтиже көрсетуге болар еді. Соның өзінде істеген жұмысымыздың нәтижесі көрінді. Бізге қарап жастар да үйренеді, көреді, тәлім алады. Сондықтан осы шаруаны қолға алдым. Іште құр жатқанда не бітіремін?

Өзім 1945 жылы дүниеге келгенмін. Қазір 78 жастамын. Бұрын 28 жыл бойы Қармақшы ауданы Жосалы совхозында күрші ектім. Арасында автокран, трактор жүргізген мезеттерім де болды, – дейді Жарылқаған қарт.

Қаланың орталық аудандарының бірінде орын тепкен мекемеге алыстан көз тастасаныз, айналасы шынымен көк-теп-көгеріп тұрғанын көресіз. Мұның бәрі – он жылға жуық еңбектің жемісі. Үй салып, ағаш егу ер азаматтың міндеті екенін алға тартқан қарт ұсталықпен де айналысатынын айтып қалды. Денсаулығы сыр берген соң жұмыс сәл баяулап қалған. Әйтпесе, қала базарына өзі барып, көшеттер мен түрлі дөңдерді жерсіндіру жаны қалайтын жайлы жұмысы екен.

– Кемпірім 2001 жылы аты жаман ауруға ұшырап, о дүниелік болып кетті. Отбасының ұйтқысы кеткесін де қиын екен. Балаларымды өзім үйлендірдім, жеткіздім. Оларға да қазір олай-бұлай деуге болмайды. Өз алдына бірі Жезқазғанда, бірі Төретамда үйлі-баранды өмір сүріп жатыр. Оларды мазаламадым. Құдай әркімнің басына не жазады, соны көреді. Бірақ, оған азарлануға болмайды. Қандай жерде жатсаң да, нендей қиыншылық көрсең де, Алланың адамға берген сыйы – кешке есен жатып, таңда ауырмай тұрғаның. Бір күн ғұмырың қалса, түске дейін жұмыс жаса. Бар болғаны сол.

Бір балам «Жезқазғанға жүр» деп айтып еді. Бармадым. Осы жерге бекіп қалдым. Екі баламнан бес немерем бар. Мекеме мамандарына алғыс айтамын. Қызметтері өте жақсы. Табыс тілеймін. Бата алған адамдар екі дүниеде де жаман болмайтыны сөзсіз, – дейді ол.

Ақсақал тынымсыз еңбек етеді. Жасы сексенге жақындаған жанның жасаған ісін көріп, жастар да ой түйіп, «бір тал кессе, он тал егер» деген үміті бар. Бастысы, табиғатты жаны сүйеді. 300 түп ағаш бүгінде шағын орман алқабы іспетті жайнап тұр. Алғашқы жемісін де жеп үлгеріпті. Бірақ, өмір жеміс секілді тәтті емес екенін айтқысы келетіндей қарияның ойлы жанары.

Расымен ең, жақсы қартай білу үлкен өнер болса керек. «Жақсы адам қартайса, көкірегі толы хат болар, жаман адам қартайса, бықсып жанған от болар» деген сөз тегіннен-тегін айтылған жоқ. Көрген-білген тәжірибесін бөлісіп, кейінгі жастарға ақыл-кеңес бере жүретін үлкендердің ісі әр кезде де өзгелер үшін өнеге болуы керек. Гибратты ғұмыр кешіп, ел-жұрттың алдында абырой-беделге бөлене білген адам қартайдым деп өкінбеуі тиіс. Өйткені ондай адамдардың ісі елдің есінде ұзақ сақталады. Жеміс ағашының күздік бабын жасап жүрген Жарылқаған қарттың айтқан ақылы осы болды.

Иә, ел ақсақалдары аман болсын!

ҮЛКЕНГЕ ҚҰРМЕТ ҮЛГІСІ

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында Халықаралық қарттар күніне орай «Қариялы ел – қазыналы ел» атты шара өтті.

Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Алдымен қонақтар орталықтың тыныс-тіршілігімен танысып, қызмет алушылардың қолөнер бұйымдары көрмесін тамашалады.

Мерекелік шараға облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев қатысып, ардагерлерді құттықтады.

– Тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы – біз үшін өнеге. Сондықтан халқымыз ертеден-ақ үлкенге құрмет көрсетуді өсиет етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа, үйлесімге ерекше мән берген. Қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын. Сіздерге зор денсаулық, бақ пен береке тілеймін, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Шарада «Дәулет Азия» ЖШС демеушілігімен 163 қызмет алушыға сый-сыяпат табыс-

талды. Айта кету керек, бұл серіктестік 7 жылдан бері орталыққа көмек қолын созып келеді.

– Біздің компания 2012 жылы құрылды. Мұнай қалдықтарын

өңдеумен айналысамыз. Қазір серіктестікте 70 адам жұмыс істейді. Айтайын дегенім, 2015 жылғы жұмысымыз бір ізге түсті. Сол уақыттан бастап, Қарттар үйі, балалар үйі, сал ауруымен ауыратын балаларға және өзге де көмекті қажет ететін оңалту орталықтарына жәрдемдесіп келеміз. Атаулы күндер мен мерейтойларда, жыл бойы жалғасатын мерекелерде аталған мекемелердегі жандардың қажет заттарын алып береміз. Қарттар үйінің қызметкерлері

не қажеттігін айтты, бүгін біз сол заттарды тарту ретінде ұсындық. Бұл шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді компания құрылтайшысы Талғат Дәулетов.

Орталықта ұйымдастырылған «Алтын күз» жәрмеңкесінде түрлі ұлт өкілдерінің тағамдары таныстырылып, келген қонақтарға ыстық бауырсақ таратылды. Сондай-ақ өнерпаздар өз мен күйден шашу шашып, қатысушыларға мерекелік көңіл күй сыйлады.



АПТА АҒЫМЫНДА

ФИЛИАЛДАР ЖҰМЫСЫ ЗЕРДЕЛЕНДІ

«AMANAT» партиясы Орталық аппаратының ұйымдастыру және аумақтық жұмыс департаментінің инспекторы Еркін Дәрібаев Сыр өңірінде іссапармен болып, Қызылорда қаласы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында партияның сайлауалды бағдарламасының Жол картасына енгізілген бірнеше құрылыс нысандарына барды.

Мұнан бөлек филиалдар жұмысымен және бастауыш партия ұйымдарының есеп-ті кезеңде атқарған шараларымен танысты. Алдағы жоспарларды пысықтап, әдістемелік бағыт-бағдар көрсетті.

КОНФЕРЕНЦИЯДА КАНДИДАТТАР ҰСЫНЫЛДЫ

Апта басынан бері «AMANAT» партиясының облыстық филиалына қарасты Шиелі, Сырдария аудандық филиалдарында бастауыш партия ұйымдарының жиналыстары, саяси кеңес бюросының отырыстары ұйымдастырылып, кезектен тыс конференциялар өтті. Оған облыстық филиал төрағасы Наурызбай Байқадамов қатысты.

Кезектен тыс конференцияда «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының аудандар бойынша орындалуы барысы жайлы аудан әкімдерінің есебі тыңдалып, партия атынан аудан әкімі лауазымына кандидатура ұсыну туралы мәселелер қаралды.

Жиындарда Сырдария және Шиелі ауданы әкімдері лауазымына партия атынан үш үміткерден ұсынылып, олардың арасынан конференция шешімімен бір кандидаттан таңдалды. Нәтижесінде Сырдария ауданы әкімінің лауазымына Берік Сәрменбаевтың, Шиелі ауданы әкімі лауазымына Нұржан Ахатовтың кандидатура-

сын конференция делегаттары бір ауыздан қолдады.

«ЖЕР АМАНАТЫ» ҚАРМАҚШЫДА

«Жер аманаты» аймақтық комиссияның көшпелі отырысы Қармақшы ауданында өтіп, онда жобаның іске асырылуы мен жұмысты тиімді ұйымдастырудың жолдары талқыланды.

Облыс бойынша 200 мың гектар жердің бүгінгі күнге 175 202 гектары қайтарылды, жоспар 87,6% орындалды. Оның ішінде Қармақшы ауданы бойынша жоспар 61,4% атқарылған.

Көшпелі отырыста облыстық филиалдың атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару, оны өділ және ашық түрде қайта үйлестіру, жер дауларының шешілуіне үлес қосу, оны пайдалану мен бақылау жайында айтты. Атқарылған жұмыстарды қоғамға ашық жариялау бойынша ұсынысын жеткізіп, ел аумағында өзекті болып отырған мәселеге қатысты бұл жұмыстар күшеймесе бәсеңдейтіндігін атап өтті.

«MIRAS» КЕҢЕСІНІҢ БАСҚОСУЫ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы «Miras» аймақтық кеңесі отырысы өтті.

Жиында облыстық филиал атқарушы хатшысының орынбасары Алтынбек Жарылқасынов, аймақтық кеңес төрағасы Баймырза Қожамбердиев және кеңес мүшелері мен аймақтағы кітапхана меңгерушілері қатысты.

Отырыста аймақтағы кітапханалардың жай-күйі қаралып, «Кітап-AMANAT» жобасы кенінен таныстырылды.

Қатысушылар тарапынан айтылған ұсыныстар хаттамаға енгізіліп, республикалық кеңеске және жергілікті атқарушы органдардың назарына ұсынылады.

БІРЛЕСКЕН КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

Шиелі ауданында «AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы мен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің бірлескен көшпелі отырысы өтті.

Жиында комиссия төрағасы Нұркен Бақытбекұлы, кеңес төрағасы Мақсұт Нәлібаев және жауапты сала басшылары қатысты.

Күн тәртібінде тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар құрылысы саласындағы жобаларды іске асыру жөнінде, Шиелі және Жаңақорған аудандарында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жайы талқыланды.

ТҮРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Жұмыс аптасында облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері М.Нәлібаев, К.Нұрсейтов, М.Ералиев партияның облыстық филиалында тұрғындарды жеке қабылдау өткізсе, фракция жетекшісі А.Оңғарбаев Шиелі аудандық партия филиалында көшпелі қабылдау жасады. Мұнан бөлек Еңбек және әлеуметтік қорғау комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Е.Жалғасбаев партия алаңында азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді. Қабылдауға келген азаматтарға заң аясында кеңес беріліп, кейбір тұрғындардың тұрмыс ахуалына байланысты әлеуметтік көмек көрсетілді.

Сондай-ақ «Құқықтық көмек» жобасы аясында «Бітім» медиация орталығының кәсіби медиаторы Қыдырбек Рашов тұрғындарға құқықтық көмек көрсетті.

Жалпы апта ішінде аймақтық және аумақтық филиалдар мен бастауыш партия ұйымдарында партиялық форумат, партиялық бақылау және т.б. түрлі форматтағы қоғамдық-саяси 81 іс-шара ұйымдастырылды.



Саналы ғұмыры қоғамның дамуына арналған, адал еңбекті ту еткен қайраткер тұлғалардың өнегелі өмір жолын насихаттау – тарих алдындағы парызымыз. Бұл ретте, Сыр өңірінің еңбек жылнамасын парақтасақ, аймақтың қалыптасуы мен дамуын сөз еткенде, ел ағасы, еңбек ардагері Медетбек Садырбаевтың есімі ерекше құрметпен айтылады. Тағылымға толы тағдыр иесі ортамызда болғанда биыл 90 жасқа толар еді.

Тағылымға толы тағдыр

Адал еңбек, терең ізденіс қай кезде де, азамат баласын абыройға жетелейді. Бақытын еңбектен, тынысын тірліктен тапқан Сыр халқы парасаты мен пайымы мол азаматтардан кенде емес.

Сондай ел ағаларының бірі Медетбек Садырбаев Жаңақорған ауданының ғана емес, облыстың ауыл шаруашылығы саласында өз қолтаңбасын қалдырған жан еді.

Ол ел өмірінің ащы кезеңі – ашаршылық уақытында 1933 жылы Жаңақорған ауданы Ақүйк ауылдық кеңесіне қарасты «Бөріойнақ» деген жерде дүниеге келген.

Балалық шағы соғыстың сұрапыл жылдарына және соғыстан кейінгі ауыр кезеңге тұспа-тұс келді. Әкесі Әбдіхалық, Әбдісадық, Кенжебек ағайынды үш жігіт қасиетті жерін қанымен де, жанымен де қорғауға Ұлы Отан соғысына аттанды. Әкесі қан майданда қаза тапты. Аналары Қадірқұл мен Сейсектің ортасында 9 жасар Медетбек, 7 жасар қарындасы Әлима қалды.

Сұрапыл соғыс талай шаңыраққа қаралы қағаз алып келді. Біреудің балалығын алды, балғын, тәтті кезінен айырды. 1941-1945 жылдар аралығындағы соғысты еске алғанда қабырғасы қайысып, жанарына жас іркілетін жандардың бірі – сол кездегі балалар. Олар бұғанасы қатпай-ақ тылдағы тынымсыз тірліктің қамытына жегілді. Бала болып ойнамады, ерте есейді.

Медетбек те жас күнінде тапшылық пен

жоқшылықтың не екенін біліп өсті. Дәннің нан, тамақ болатынын ұғынды. Осылайша ер жеткен соң Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының агроном оқуға түсті. Жоғары оқу орнын 1958 жылы бітірді.

Оқуды жаңа бітірген жас маман еңбек жолын «Екпінді» ауылында бас агроном болып бастады. Кейін 1961-1964 жылдары Жаңақорған ауданында тұқым тазалау зертханасында директор болып қызмет атқарды. 1964 жылдан 1995 жылы зейнетке шыққанға дейін әр жылдары «Бірлік», «Қожақент», «Сунақата», «Юбилейный», «Талап» совхоздарында бас агроном, совхоз директоры қызметтерін абыроймен атқарды.

Еңбек жолында Жаңақорған ауданының 7 совхозында бас агроном қызметін атқарған Медетбек Садырбаев ауыл шаруашылығы саласында көптеген белесті бағындырды. Ағамыздың еңбек жолының жемісті кезеңдері туралы Өмірсерік Тақырбасовтың естелігін тыңдағанды жөн көрдік.

– Медетбек ағамызды 1972 жылдан бері білемін. Институт бітіре сала қазіргі Қожақент ауылына экономист болып келген кезім еді. Ол кісі бас агроном екен. 1974 жылы «Сунақата» совхозына ауысып кеткенше бірге қызметтес болдық. Ағамыз есімзде тек жақсылығымен қалды. Білікті маман, өз ісінің білгірі болатын. Агротехниканы сақтауға, күршіттің егу мерзімі, жер жағдайын есептеп, барлығына маңызы беріп жүретін. Кадр

даярлау ісінде де ауқымды жұмыс атқарды. Қарамағындағы қызметкерлерге қамқорлық танытып, бағыт-бағдар беруден жалыққан емес. Кейін еңбегімен елге танылып, совхоз директоры, басқа да жауапты қызметтер атқарған Сман Жұмаділдаев, Бекмырза Шалғынбаев, Асан Нақышпанов сияқты ағаларымыз сол кезде Медетбек ағамыздың қарамағында агроном болып қызмет істеді. Бәрі сол кісінің шекпенінен шыққан білікті мамандар еді.

Ол кезде күрші шаруашылығында тәжірибелі мамандар аз болатын. Саланың қыр-сырын жетік білетін Медетбек ағамыз терең кәсіби біліктілігі, тынымсыз еңбегінің арқасында жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен кездескен бірден-бір агроном осы кісі болатын, – деп еске алады Ө.Тақырбасов.

Қай қызметті тапсырса да сапалы, уақытылы, ең бастысы жанашырлықпен орындайтын ол жастайынан өзін іскер басшы, болашағынан үміт күттіретін азамат ретінде танытқан. Ағамыздың сол қажырлы еңбегі туралы «Қожақент» ауылының 50 жылдық мерекесіне орай шыққан «Құтты қоныс – Қожақент» кітабында бригадир Есқожа Ысқақов пен Социалистік Еңбек ері Арапбек Әбиев: «Совхоздың бас агрономы Медетбек Садырбаев күршіттің сумен сыланып, күнмен түлеп өсетінін, ол да бала сияқты мәпелеп аялауды қажет ететінін, әсіресе күтіп-баптауды қажет ететінін бізге үйретіп отырды» дейді.

Еңбектің қазанында қайнап, күндіз-түні шаруашылық үшін төркен, қызметте абыройлы болған Медетбек Садырбаев отбасында адал жар, ардақты әке, жанашыр бауыр болды. Жұбайы Қалдарқұл екеуі он қыз, бір ұл тәрбиеледі. «Балаларым – байлығым» деп, бәрінің жоғары оқу орнына түсуіне, мамандық иесі болуына бағыт-бағдар берді.

Жалпы аймақтың ауыл шаруашылығына, өзі туған ауданның ғана емес облыстың күршітен аты шығып, мерей-мәртебесінің тасуына, республикаға танылуына оның сіңірген еңбегі өлшеусіз. Биыл абзал азаматтың дүниеден өткеніне ширек ғасыр – 25 жыл толып отыр.

Бір анығы, құт қонып, бақ дарыған Сыр жұртшылығы еңбегімен ел есінде қалған қайраткер-тұлға есімін ешқашан ұмытпайды. Сыр маржанынан тау тұрғызып, тұрған жерінің қалыптасуы мен дамуына айрықша үлес қосқан ел ардақтысына кейінгі ұрпақ қарыздар.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

ЖОБА

Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:
1. «Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 10 ақпандағы №352 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5402 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:
Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 49, 50 жолдарымен толықтырылсын:

49.	Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Жалағаш аудандық отбасын қолдау орталығы» КММ – «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (аудандық емхана)
50.	Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Жалағаш аудандық отбасын қолдау орталығы» КММ – «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жалағаш аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (аудандық аурухана)

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

Н. Байқадамов



ҚЫЗЫЛОРДА ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Республикаға танымал болған бүкіл Сыр бойы, аргы жағы Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстандағы қазақ жастарының жоғары білім алуына мол мүмкіндік берген Ы.Жақаев атындағы Қызылорда политехникалық институты КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1976 жылғы 13 шілдедегі №136 бұйрығымен Қызылорда қаласында Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты негізінде ашылды. Институтты ғалым, техника ғылымдарының кандидаты, доцент Уәлихан Қозыкеулы Бишімбаев басқарды.

1990 жылдың 15 қарашасында Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының Қызылорда филиалы негізінде жаңа техникалық жоғары оқу орны Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі институты құрылды. Институтта сол жылдары 1622 студент, оның 447-сі сырттай, 91-і дайындық бөлімінде оқыған.

1991 жылғы 30 тамызда Қызылорда облыстық атқару комитетінің №211 шешімімен Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институтына күрші өсіруден дүниежүзілік рекорд жасап, Еңбек ері атағын екі рет алған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ы.Жақаевтың есімі берілді.

Облыстық архив қорынан

Әлеуметтік бейімдеу басты назарда

Қала әкімдігі, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп, «Қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен орнату» орталығы түрлі тақырыпта іс-шаралар өткізіп келеді.

ҚАЖ департаментіне қарасты мекемелерден жазасын толық өтеп шыққан, пробация қызметі мен жергілікті полиция қызметінің есебінде тұрған 438 азамат бар. Оларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетілуде.

Жыл басынан бері мемлекеттік мекемелерден 85 азаматқа хабарлама түскен. Жергілікті полиция қызметі және учаскелік полиция инспекторлары азаматтардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, зерттеу актісін толтырды. Қала әкімінің квотасы бойынша 8 азамат тұрақты жұмысқа орналастырылып, бір азамат Enbek.kz электронды биржасы арқылы жұмыспен қамтылды. Тағы бір азамат ақылы қоғамдық жұмысқа жіберілді. Сондай-ақ, екі азаматқа атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді.

Жыл басынан бері жазасын толық өтеп шыққан және пробация қызметінің есебінде тұрған барлық азаматқа құқықтық-психологиялық көмек берілді. Кәсіп ашуға ниеттенген 10 азамат өтініштері бойынша тір-

келді. Ал қайтарымсыз грант алуға 49 азамат тіркелсе, «Бастау-Бизнес» бағдарламасы бойынша оқыған 22 адам сертификат алды. Қызылорда қалалық жұмыспен қамту орталығы түрлі тақырыптың 7 мәрте жәрмеңке өткізіліп, нәтижесінде 14 азамат жұмысқа орналасты.

Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды қайта әлеуметтендіруге арналған орталыққа 13 азамат орналастырылды. Одан бөлек құжаттарын рәсімдеу бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы 15 азаматқа көмек көрсетілді.

Сонымен қатар, мәдени-спорттық іс-шаралар, атап айтар болсақ, орталық ғимаратында шахмат, дойбы, гир көтеру, қол күрестен сайыстар өткізілді. Сондай-ақ, И.Ильин саябағында 2 рет шағын футболдан жарыс ұйымдастырылды. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға мақтау қағазы мен бағалы сыйлықтар табысталды.

Қалалық прокуратура өкілінің қатысуымен «Ашық есік» күні өткізілді. Жылда пробация қызметінде есепте тұрғандарды жұмысқа орналастыру мәселелері қаралды.

Раушан НҮРТАЕВА,
орталықтың әлеуметтік жұмыскері

ДЕНСАУЛЫҚ

Қызылша қарқын алды ма?

Биылғы 21 қыркүйектегі жағдай бойынша облыста лабораториялық зерттеу нәтижесінде нақтыланған қызылша ауруының 251 жағдайы тіркелген. Оның 208-і 14 жасқа дейінгі балалар, 57 жағдайы 1 жасқа толмаған сәбилер арасында анықталды. Ересектер арасынан 43 адам ауырған.

Сb Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, ауруға шалдыққандардың басым бөлігі екпе алмаған, олардың саны жалпы сырқаттанушылықтың 63%-ын құраған. Оның ішінде медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты егілмегендер үлесі – 23%, егілетін жасқа жетпегендер үлесі – 36%, вакцинадан бас тартқандар үлесі – 34%, сондай-ақ негізсіз себептермен екпе алмай жүргендер көрсеткіші 7%-ды құрады. Бұдан бөлек, 37 науқастың қызылшаға қарсы иммунитет мәртебесі белгісіз екені анықталған.

Облыс бойынша анықталған деректердің басым бөлігі, яғни 142 жағдай Қызылорда қаласының үлесінде. Аралда 23, Қазалыда 13, Қармақшыда 4, Сырдарияда 3, Шиеліде 60, Жаңақорғанда 6. Жалағаш ауданында жыл басынан бері бүгінгі күнге дейін бірде-бір дерек тіркелген жоқ. Осы ауру бойынша эпидемиологиялық ахуалдың тек біздің елде емес, бүкіл әлемде күрделену себебін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирус пандемиясы салдарынан халық арасында оған қарсы вакциналаудың әлсіреуімен, екпеден бас тартушылар санының артуымен байланыстырады. Себебі ұжымдық иммунитет бәсеңдеген сайын, ауру жұқтырып алу қаупі күшейе түседі. Қауіп тобында екпе алмаған, иммунитеті әлсіз адамдар тұр.

Қызылша – қызба, интоксикация, дақты-папулы бөртпе, энантема, конъюнктивта және жоғарғы тыныс жолдарының зақымдалуымен сипатталатын жедел вирустық инфекциялық ауру. Ол адамнан адамға ауа тамшыларымен жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде жұға-

ды. Ауырған адаммен қысқа уақыт қарым-қатынаста болса да, екпе алмағандардың оны жұқтыру қаупі өте жоғары, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жанабегенова.

Қызылша пневмония, бронхит, энцефалит сияқты асқинулармен қауіпті. Медициналық көмекке кеш жүгінгенде және қызылшамен қатар басқа аурулар болған жағдайда бұл асқинулар өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан қатаралды құбылыстар мен (қызба, бас ауруы, әлсіздік) аурудың алғашқы белгілері және бөртпе пайда болған кезде дәрігермен кеңесіп, оның барлық ұсынымдарын орындау керек. Ауру бастапқы кезеңде суық тию сияқты көрінуі мүмкін, сондықтан дәрігерге уақытылы қаралудың маңызы зор. Осы орайда мамандар жігіт респираторлық ауру белгілері бар балаларды балабақшаға, мектепке жібермеу керектігін айтады.

Қызылшадан ең тиімді қорғану жолы – уақытылы вакцинация. Ол Ұлттық екпелер күнтізбесіне енгізілген, екпе тегін жүргізіледі. Балалар 1 жасында және 6 жасында қайта егіледі. Көрсеткішке сәйкес вакциналау науқаспен байланыста болған сәттен бастап 72 сағаттан кешіктірмей салынады.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті қызылшаға қарсы егу мәртебесін тексеруді ұсынып отыр. Ол үшін аймақтық дәрігерге жүгінген жөн. Егер баланың қызылшаға қарсы егілмеген болса, екпе алу үшін тұрғылықты жердегі емханаға хабарласу керек.

БОРЫШ



Қарулы күштердің қатары толықты

Отан қорғауды өздерінің қасиетті борышы санайтын жастардың кезекті легі әскерге аттанды. Барлық тексерістен мүдірмей өткен, сайдың тасындай іріктелген 40 бозбала еліміздің Қарулы күштерінің қатарын толықтырды.

Сb Ақтілек БІТІМБАЙ,
«Сыр бойы»

Әскерге шығарып салу іс-шарасына облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы Ғалымжан Тасжанов, облыс әкімі аппаратының жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының басшысы Ерлан Бисенов, әскери қатынастар коменданты, майор Ардақ Зейнуллаев пен сарбаздардың ата-аналары жиналды.

Отанға адал қызмет етемін, өз еркімен әскерге барамын деген жастардың қатары жыл өткен сайын артауда. Міне, бүгін солардың бір бөлігі Қапшағай қаласында орналасқан әскери бөлімге барып, десанттық шабуылдаушылар қатарына қосылмақ. Әскерге аттанғандардың ең жасы – 18-де, ең үлкені – 27 жаста. Жалпы, биыл күзгі науқанда облыс бойынша 800, оның ішінде шекара қызметіне 400 азамат жіберілмек. Бүгінге дейін 200-ден аса азаматты аттандырдық. Қалғаны жыл соңына дейін әскерге кетеді. Енді қараша айында Ұлттық Ұланға 300-ге жуық сарбаз аттанды. Негізгі күзгі әскерге шақыру науқаны желтоқсан айының аяғына дейін

жалғасады, – деді облыстық қорғаныс істер жөніндегі департамент бастығының орынбасары, подполковник Алмат Жакыпов.

Айта кетейік, биыл облыс бойынша 1500-ге жуық сарбазды әскерге аттандыру мезделенген. Сарбаздар бұған дейін сәуірде Қарулы күштер қатарына, ал мамырда Ұлттық Ұланға іріктелген болатын.

Қазір жас сарбаздарға барлық жағдай жасалған. Әскерге аттанатын жастардың несиелері болса, борышын өтеп келгенше несие төлеу міндеті уақытша тоқтатылады. Ол үшін банктермен келісім жасалған. Тек әскерге баратыны туралы анықтаманы банкке тапсырса болғаны. Тағы бір айта кететін жеңілдік, әскерге барып келген сарбаз ҰБТ тапсырмай-ақ, қалаған оқу орны мен мамандығына грантка түстеу мүмкіндік алады, – деді подполковник.

Салтанатты шарада ҚР Қарулы күштері ардагерлерінің мүшесі Жарқынбек Шарпапов сөз сөйлеп, жастардың Отан алдындағы қызметін абыроймен атқарып оралатынына сенім білдірді.



МЕРЕЙ

КҮН ТҮСПЕЙТІН
КӨҢІЛГЕ КҮЛКІ
ШАШҚАН

Шиелі ауданы орталығындағы «Салтанат сарайында» Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, жазушы-сатирик, Шиелі ауданының құрметті азаматы Нұрмахан Елтайдың 70 жасқа толу мерейтойына арналған «Сатираның сұр жебесі – ойы мәнді, сөзі нәрлі Нұрмахан» атты бенефис шоу өтті.

Думанды кешті аудандық мәслихат төрағасы Айтбай Жандарбеков ашып, қарымды қаламгерді мерейтойымен құттықтап, аудан әкімінің сый-сияпатын табыстады.

Табиғи дарыны мен ерен еңбегінің арқасында кәсіби біліктілікке қол жеткізген тұлғаны көпке үлгі ету, беймәлім қырларын баршаға таныту, жаңа жайлы сұхбат құруды мақсат еткен бұл кешке жазушының оқырмандары мен алыс-жақыннан арнайы келген қонақтар қатысты.

Сұрақ-жауап негізінде өрбіген бенефис шоуға Қожа Ахмет Ясауи университетінің аға оқытушысы, профессор Оңал Дүйсенов, белгілі сатирик Ермахан Шайқұлы, Жаңақорған ауданынан еңбек ардагері Алмасбек Нәлібаев, ақындар Қаршыға Есімсейітова, Дүйсенбек Аяшұлы қатысып, мерейтой иесіне байланысты қызықты оқиғаларды әңгімеледі.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Қ.Есімсейітова Н.Елтайға Қазақстан Жазушылар одағының құрмет грамотасын тапсырды. «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ардагерлер ұйымының төрағасы Кенжалі Ермбет серіктестік басшысының құттықтауын жеткізіп, жазушының

кеудесіне «Облыстың құрметті ардагері» төсбелгісін тақты.

Сондай-ақ, «Әлімсақ» журналының бас редакторы, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Нұрмаханов және Жаңақорған ауданы мен жазушының туған жері «Қандоз» ауылынан келген әріптестері, туыс, дос-жарандары құттықтап, сый-сияпат жасады.

Кеште Бұдабай Қабылұлы атындағы мәдени-шығармашылық орталығы өнерпаздары – Мәдениет саласының үздігі, әнші Ақмарал Ногайбаева, «Қытық» халықтық әзіл-сықақ отауы мен жаңақорғандық өнерпаздар Әбсұлтан Өтепбергенов, Қалтай Архабаев сатирик шығармаларынан интермедиялар орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Кеш соңы Гүлнұр Әбілованың орындауындағы «Сатираның сұр жебесі – Нұрмахан» әнімен қорытындыланды.

Аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық мәдениет және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен ерекше кеш күн түспейтін көңілді күнді нұрын төгіп, барша көрерменді қуанышқа бөледі.

«СБ» ақпарат

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

ОЙ КӨКЖИЕГІНДЕГІ
ОҢТЛАП

Шалғайыңнан тартып шаршатын өмірдің өдемілігін өнер болмаса, ән мен өлең болмаса қалай сезінер едік. «Менен кейін пайғамбар тұмайды, ақындар өмірге келеді» деген Мұхаммед әлейкі саламның сөзіндегі даналықты осындайда ойға аласың.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Ақынды адамдарға көміліп жатқан рухани азықты аршып алып беретін археолог десек те болады. Қалай дегенде ақын – қарабайыр сөзді сүргімен жонып, сұлулықпен қаптап шығаратын шебер. Өзі сан сұрақтың жауабын таппай жүріп, шындықты шынайы сүртіп жарқыратып қоятын да сол бейбақ. Оған бәрі таңсық, ол бұтақтан билеп түскен жапырақпен де сөйле-сіп, жанын рахаттандырады. Қадір ақынның «Тұлпарлар өледі артында шаң қалып, ақындар өледі бәріне таңғалып» дейтіні оның мінездемесі. Жұрттың бәрі көрмейтін әсемдікті әдіптеп отыратын ақынның «батын көзі» бар. Халық сондықтан да ақынды ұнатады, төріне шығарады.

Мен осы суреттеудің бәрін Сыр өнері мен мәдениетінде мәнді орны бар ақын Оңталап Базарәлиевке де қатысты айтып отырмын.

Аралдың тумасы, қазақтың ұлы дегенге лайық жан. Оны замандастарының «Дәу қазақ» деп атауы да тегін емес.

Жақында Арал жұртшылығы ақынның алпыс жасын тойлады. Жер-жерден келген игі жақсылар жылы лебізін арнап, сияпат жасады. Ал, Оңталап ашық күні бұлттай күңіреніп тұратын жырларын текті. – Отың жағып маздата

жүрегінің, Таңнан таңға жеткізген жыр өрімін. Әнші, жыршы, ақыны, батыры бар, Жігіттері сұңғыла Сыр елінің.

Қуат берген, күш берген Қызыр бабам,

Олар барда отбасы, түзін де аман.

Кім жетер Сырдың қайсар ұлдарына,

Уәдесі Құрандай бұзылмаған!



Біз бүгін осы мерейтой кезінде қолымызға тиген ақынның «Алау» атты жаңа жыр жинағын парақтап отырмыз.

Әлігінде айтқанымыздай, сөз әсемдігі әдіптелген шағын кітап ақынның шабытты шағын танытқандай.

– Ей, сұлулық құлпыра, құбылындар, Жүрегімді жансебіл ұғыныңдар. Сая таппай жүрсендер мына әлемнен,

Құшағыма кеп менің тығғылындар...

Керемет емес пе, бұл – ақынның әлемді құтқаратын сұлулықты сүйі. Жалпы, біз актер, ақын, журналист О.Базарәлиев жайында бір кітапты сүйіншілеу сөзінде түгел айтып тауыса алмасамыз аян.

Айтқымыз келгені Сыр кітапханасының сөресіне тағы бір сырлы туынды қосылды.

Мұнан бұрын «Игілік бастауы», «Армысыңдар, арулар», «Ақсұңқар» атты жыр жинақтары жарық көрген ақынға біз бүгін жасыңыз құтты болсын, жазарыңыз таусылмасын деген тілек білдіреміз.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары. Тіршілігі қайнаған қаланың ескі базары. Базарды қақ жарып ағатын арықты бойлай өскен алып дарак көленкесінде қобызын сарналып соқыр шал отыратын.

Біздің үйдің балалары базарды жиі төңіректейміз. Оның себебі де жоқ емес. «Қоғалықөздегі» қойлы ауылдағы ата-анамызды сағынсақ, қаниқұлды күтпей-ақ тартып кеткіміз келіп тұрады. Ауылға апаратын автобус осы базардан жүреді.

Базарды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын алтынға малынған апамыз Зағипа осы жерде бастық. Ортасындағы сырты жұптыны көрінгенімен іші кірсе-шыққысыз үй – осы апамыздың үйі. Табалдырықтан бастап төселген қалың кілемнің неше түрлісі өрлеп барып қабырғаға ілінген. Сарай толған кеміс-жидек. Апамыздың қолы жомарт. Бара қалсаң, қойын-қонышынды ауыл баласы үшін жеңсік астың неше ата-сымен толтырып жібереді.

Базарды бір аралап келіп, сарнаған қобыз үніне қайта құлақ түрміз. Біреу келіп бал аштырап жатыр, қобыз үніне елітіп, көзінен жасы парлап қалып-мүлгіп тыңдап отырғандар бар. Әйтеуір бақсының жаны адамсыз емес. Жіпсіз байланасын. Ауруы асқынды дегіне дауа іздегендердің, өмірдің қара бұлтты басына үйіріліп қиналғандардың шырқыраған шыбын жаны осы жерден байыс тапқандай. Қобызын сарналып су басындағы Сүлейменнен медет, батагөйі баба Қорқыттан бата сұрап, Қойлыбай бақсы піріне қол тапсырып, өз ұстаздары Есақай мен Ада-

ҚОБЫЗ
САРЫНЫНЫҢ
СИҚЫРЫ

Ашық дереккөзден алынды.

қақтан аруақ шақырып барып, сол үзіліс жасап әңгімеге кіресің. Алдына келген адамның жанына жағымды жылы сөздің тасқыны ағытыла жөнеледі. Жоқ іздегеннің жоғын, дертті жанның дертін, қиналғанның қиындықтан шығар жолын қолмен қойғандай баяндай жөнеледі. Кейін білдік қой, бүкіл Қызылорданы қобыз үнімен ұйытып отырған қарт біздің ауылымыздан екен. Соқыр Нышан – Ысмайыл Шаменұлы 1883 жылы Қоғалықөл ауылында дүниеге келген. Нәресте кезінде «өзінді алам не көзінді алам» деген серті бар шешек ауруынан соң көзі көрмей, зағип болып қалады. Алты жасында анасы, жеті жасында арқасүйер әкесі қайтыс болып, бесіктен бөлі шықпай жатып тағдыр тақсіретінің ащы дәмін татып үлгіреді. Балалық шағы Ақмешіттегі Мұсаяз әулие бейітінің шырқышысы, ағасы Әуездің шаңырағында өтеді. Мұсаяз бейітіне зиярат етушілердің арасында дін ғұламалары, бақсы-балгерлер, жыршы, күйшілер көп болатын. Валаның өнерге бейімін байқаған Әуез Есақай, Адақасқай атағы алысқа кеткен бақсылардың киелі өнерін үйренуіне жағдай жасайды.

Кемеліне келген жігіттік шағын еске алғанда қобызшы: «Аққуды» тартқанда аспанға көтерілген аққу жіпсіз байланып, айналып келіп қайта қонатын. «Желмаяның желісін» боздатқанда желіде тұрған інген иіп, емшегінен сүт саулап, боздап қоя беретін кезімді көрмедімдер ғой» дейтін. Төңкерістен кейін астана болған Қызылордада Сәкен, Лияс, Бейімбет, Мағжан, Мұхтар бақсы өнеріне тәнті болып, таңды таңға ұрып тыңдаушы еді. Кейін коммунистерге қожа, молда, Бақсы, балгерлер жау сана-нып, Ысмайыл бақсы бой тасалап, елге кетуге мәжбүр болады.

Соғыс басталардан бұрын «Қаратабанға» Әлкей Марғұлан әдейі іздеп келіп, күйін тыңдап, таңданып аттанған. Сол сапарда ғой Әлекеннің «Қарашеңгел», «Қышқаланы» зертертеп, жартаға түсіріп кететіні. Елуінші жылы «Қаратабанды» су басып, Ысқақ бастаған бұл әулет «Қоғалықөздің» батысындағы «Жетімшар» жағындағы «Айдаршоқыға» қоныс аударған. Біздің құдамыз Ысқақтың жары Мырза – Бақмұхаммед қожаның ұрпағы. Соқыр Нышан да – Бақмұхаммед. Өзі жарымжан жан Мырза әжемізді сағалап жүретіні содан.

«Ысқақтың бағы» деген бақ «Октябрь» каналының жамбасында бертіңге дейін болды. Ескі көздер Ысқақ бағындағы тұттың дәмін әлі ұмыта қоймаған шығар.

Мен Мырза әжемізді көрдім. Жеңгем Сәрсеннің нағашы әжесімен жақсы араластық. 1994 жылы қалың қар жауатын қыста «Бесарықтағы» үйімде айға жуық жатты. Анам екеуі талай тарихтың тінін тарқатқан, жады мықты әңгімешіл жан еді. 1959 жылы жеңгем Сәрсеннің әкесі Емберген құдамыз «Қоғалықөл» ауылының орталығындағы, «Бәлтік» мешіті жанынан жер алып, үй-жай салуға қам қылды. Бұл әулеттен іргесі ажырамаған Нышан да жаңа қонысқа бірге келді. Ересектер кесек күйіп, там салу қамында болса, бес жасар Сәрсен қобызы ағасын жетелеп, қораның аяғына екен тарыны қоритын. Жағалай жіп тартып, оған қалбыр, қарақшы ілінген егістік басына бақсыны іздеп арақидік келушілер де болатын. Соқыр Нышан келушілердің тамырын ұстап отырып анылап, үйілеп бастағаннан-ақ қобыздың басына таққан қоңыраулар мен моншақтар сыңғырлап, сыңси бастайды. Меккедегі Мұхаммедтен бастап әулие-

әмбиелерді жағалап келіп, «Бегім Сейіт бабам-ай, Бегім-ай менің анам-айлап» қобыз шала бастайтын. Аспанға аққу, қаз ұшырып, бота, түйе боздаттып, азан-қазан қылып сарналып барып, келген кісінің жайына қошектің.

1962 жылы кәмпірімен Қызылордаға қайта көшіп, «Айтбай» мешіті жанынан жай алып, сонда тұрды.

– Алда-жалда біз бара қалсақ, «Әй, барыңдар, Қымбатқа сәлем айта бар, саған бал ашпаймыз» деп танып қоятын. «Қобызымды да, киесін де саған берем» деп Қымбатқа қанша айтса да, шешем көнбей қойды. «Ендеше қызың Сәрсенге берем» деп кейін ықыласы маған ауып, – дейді жеңгем Сәрсенқұл. – Кейін мен көп ауырып, гарнитурдағы ыдыстар сыңғырлап, баяғы бала кездегі қобыз моншақтарының сыңғыры құлағыма келетін. Қиналған сәттерімде ақ киімді Нышан атам өңімде де келетінін айтқаныма анам Қымбат «Әттен, Соқыр Нышан атамның өнері мен киесі иесін таппаған екен ғой. Сені жағалап жүргені ғой» деуші еді. Енді ғой біліп жатқанымыз, Ахат Жанаев ағамыз азаматтық танытып, бабамыздан Қорқыттың тоғыз күйін, бақсының «Елімай, халқымыз-ай» күйін жазып алып, таспаға түсірді. Асылдың асыл екенін көзден таса болғанда бағалайтын, бақсы, балгерлі, молда, ишандарды жау көрген марғау заманда өмір сүрдік, нешін парқын білдік? Кімді қиналаймыз? – деп жеңгем өнер иесі жайлы әңгімесін аяқтады.

Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ

МҰҒАЛІМДЕР КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Жас
ұстаздың
жетістіктері

Қушы кезінен шәкірт тәрбиелеп, ұстаз болуды армандаған жандардың бірі – Жазира Тынымбек. Бала арманына қол жеткізген жас ұстаз қазір Қызылорда қаласындағы Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында биология пәнінің мұғалімі болып еңбек етеді.

Мектепті бітіріп, үлкен өмірге жолдама алған соң 2015 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен «Биология» мамандығын алып шығады.

Педагогика саласындағы еңбек жолын 2015 жылы Астана қаласындағы «Нұрорда» халықаралық балабақшасында ағылшын тобы тәрбиешісінің көмекшісі қызметінен бастаған. 2016 жылдан бері Қызылорда қаласындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында биология пәнінен сабақ береді.

– Педагогикалық қызметті таңдағаннан кейін, ғылым мен техниканың дамыған заманында XXI ғасырдың есігінен еркін енетін, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушы шәкірттерге білім мен тәрбие беру – басты бағыттың. Мақсатқа жету жолында табанды еңбектің қажеттігін түсініп, білім мен тәрбие беру, кәсіби құзырлы маман иесі болуға жұмыс жасаудамын, – дейді Ж.Тынымбек.

Өзінің жүрек қалауындағы мамандығын терең меңгеру, білімін тереңдету үшін биыл магистр дәрежесін алған. Педагогика саласында 6 жыл табысты еңбек етіп келе жатқан жас ұстаз бүгінгі күні мектептің барлық қоғамдық, оқу-әдістемелік жұмыстарына, пәндік-циклдік комиссия жұмысына белсенді қатысады.

Одан тәлім алған шәкірттер республикалық, облыстық, қалалық жалпы пәндер олимпиадаларынан жүлделі орындарды иемденіп, ұстаз үмітін ақтаған. Кейінгі жылдары ҰБТ бойынша биология пәнін таңдаған шәкірттері 100% көрсеткішпен жоғары оқу орнына түсіп, грант иегерлері атанып, республикамыздың өр түрлірінде медицина, педагогика саласында білім алуға.

Табысты еңбегімен еленген Жазира Тынымбек білім берудегі қол жеткізген жетістіктері үшін облыстық білім басқармасы басшысының, Қызылорда қаласы әкімінің алғыс хатымен марапатталған. «Жыл үздігі – 2021» номинациясының, «Үздік авторлық бағдарлама – 2022» облыстық конкурсының І орын иегері. Сондай-ақ, 2021 жылы Өскемен қаласында өткен «Дарынды балаға – талантты ұстаз» республикалық байқауының І орын иегері атанды.

– Әр адам мамандығын шексіз сүйгенде ғана үлкен табыстарға қол жеткізе алады, оны үнемі дамытуға, жетілдіруге ұмтылады. Мен де өзім бала кезімнен армандаған ұстаздық салада еңбек етіп, осы саланың гүлденуіне үлес қосқым келді, – дейді жас ұстаз.

Жазира жас өркеннің сырлы әлеміне тереңірек үңіліп, шығармашылық шабытын шыңдап, жұмыс жасауда.

Б.САҒЫНДЫҚҰЛЫ